

Реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөнінде Үкіметтің іс-қимыл Бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1994 жылғы 15 шілдегі N 1802.
Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ұсынған Реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөнінде Үкіметтің іс-қимыл Бағдарламасы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің осы құрамының мүшелері, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері тарапынан қолдау тауып, іс-қимылға басшылық ретінде қабылданғаны қаперге алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

Бағдарламаны жүзеге асыру жөнінде нақты шаралар жоспарын әзірлеп,
б е к і т с і н ;

Бағдарламаны жүзеге асырудың барысы жайында Қазақстан Республикасының Президентіне дүркін-дүркін, тоқсан сайын кемінде бір рет баяндап тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша Бағдарламаны жүзеге асырудың барысына, қол жеткен нәтижелерге және экономикадағы қалыптасқан жағдайға қарай оның бөлімдері мен қағидаларына өзгерістер енгізіп отыру құқы берілсін.

4. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Бағдарламаның орындалу барысына үнемі бақылау жасап отыруды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетімен келісілген Банк реформасының Бағдарламасын әзірлеуді аяқтасын және оған Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне Президенттің Жолдауындағы негізгі қағидаларды жүзеге асыру жөніндегі шаралар мен тетіктерді қоса отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсынсын.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің Аппараты Бағдарламаның орындалуына, сондай-ақ оны іске асыру барысында Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Кеңесіне Президенттің Жолдауындағы талаптар мен қағидалардың жүзеге асырылуына тұрақты бақылау жасайтын болсын, экономикалық және қоғамдық өмірдің жекелеген салаларындағы ағымдағы саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан	Республикасының	Министрлер	Кабинеті
Реформаларды	тереңдету	және	экономикалық
дағдарыстан	шығу	және	іс-қимыл
Бағдарламасы	жөнінде	Үкіметтің	іс-қимыл

А. Жалпы бөлім

I. Кіріспе

1.1. Осы Бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 20 қаңтардағы N 1512 қаулысына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне жіберілген 1994 жылғы маусымдағы Президенттің Жолдауы мен Үкіметтің Меморандумында баяндалған міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған.

1.2. Бағдарлама реформаларды жеделдету мен дағдарыстан шығу жөніндегі Үкіметтің ой-ниетін және іс-қимылының жоспарын бейнелейді.

1.3. Іс-қимыл бағдарламасы шартты түрде екі кезеңге бөлінген.

Бірінші кезеңде (1994 жылғы шілде-желтоқсан) реформаларды дамыту сценарийі бюджеттің тапшылығы мен төлем балансын инфляцияның ай сайынғы қарқыны жылдың аяғына дейін 10 проценттен төмен деңгейге дейін түсіру үшін қажет болатын мөлшерде қаржыландыруды қамтамасыз ететін өзінің ресурстары мен ең төменгі сыртқы займдарға сүйенеді. Осы кезде реформаларды тереңдету, экономиканы тұрақтандыру және экономикалық өсу мен қуатты әлеуметтік саясат міндеттерін жүзеге асыру үшін талап етілетін экспорттық өнімдер шығарушы кәсіпорындар өндірісінің құлдырауын тоқтату, қажетті займдарды тарту жөнінде қауырт жұмыс жүргізілетін болады.

Екінші кезең (1995 жылғы қаңтар-қыркүйек) - бұл мүмкіндігіне қарай қысқа мерзімде Үкіметтің шығыстарды қысқарту есебінен бюджет тапшылығы шығындарын қысқарту жөніндегі шек қойылатын қаржы саясаты емес, қайта бюджет тапшылығының инфляциялық құрамын барынша төмендету есебінен инфляцияға қарсы саясат жүргізу бағыты негізгі элементі болатын даму сценарийіне экономиканы көшіру кезеңі.

Үкіметтің іс-қимылы Бағдарламасындағы үшінші кезең сол кезге дейін әзірленетін жаңа Бағдарлама бойынша жүзеге асырылатын жаңа экономикалық

бағытты көрсететін болады, оның мәнісі - қатаң инфляцияға қарсы саясатты жалғастыру, өндірістің құлдырауы мен халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуін тоқтату, олардың өсуіне жағдай туғызу болып табылады.

1.4. Үкімет бірінші және екінші кезеңдердің уақытын барынша қысқартуға ұмтылады. Үшінші және екінші кезеңдерге тән бірқатар шаралар, тиісінше, неғұрлым ертерек кезеңдерде жүзеге асырылмақ.

1.5. Осы Бағдарлама Үкіметтің жұмыс құжаты болып табылады. Осыған орай мұнда реформаның негізгі міндеттері құрылымдық тұрғыда тұжырымдалған, оларды шешу жөніндегі Үкімет іс-қимылының қысқаша ой-ниеті (тұжырымдамасы), сондай-ақ Үкіметтің өз ой-ниетін іс жүзіне асыру жөніндегі қадамдары кең ауқымда баяндалған.

Бұл шараларды Үкіметтің іс-қимыл жоспарында нақтылай түсу көзделеді, жоспар жыл сайын бекітіліп, тоқсан сайын нақтыланып отырады.

1.6. Үкімет Осы Бағдарламаның жүзеге асырылуының барысы туралы Республика Президентіне тоқсан сайын есеп беруді назарында ұстайды.

II. Реформаларды жеделдету мен тереңдетудің мақсаты және міндеті

2.1. Үкіметтің іс-қимылының орта мерзімді Бағдарламасының басты мақсаты Республика Президенті 1994 жылғы маусымда Жоғарғы Кеңеске Жолдауында алға қойған міндеттерге сәйкес - экономиканы реформалауды жеделдету және соның негізінде өндірістің және халықтың тұрмыс деңгейінің құлдырауын тоқтатып, бұдан кейін оларды қайтадан өсіру.

2.2. Реформалардың негізі міндеті - инфляцияны төмендету және нарықты экономиканың дәйекті әлеуметтік бағдары үшін жағдай туғызу болып табылады. Мұның өзі бизнеске еркіндік беруді, дамыған нарықтық инфрақұрылымы мен бәсекелестігі болатын күшті жекеменшік секторын құруды, жоғары тиімді технологиялар мен техниканы енгізу есебінен өндірісті өсіру, олардың жоғары деңгейдегі қаржылық жауапкершілігі, пәрменді әрі тиімді банкілік секторы бар кәсіпорындар қызметінің қатаң қаржылық ортасын қалыптастыруды көздейді.

Осыған байланысты реформаларды жеделдету мен тереңдетудің негізгі б а ғ ы т т а р ы :

бағаны ырықтандыру және күшті бәсеке саясаты;
тауар нарығын ырықтандыру;
инфляцияға қарсы шаралар;
кәсіпорындардың реформасы және шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне қаржылық бақылауды күшейту;
жеке сектордың дамуын жеделдету және іскерлік белсенділікті арттыру;
экономикалық реформаларды жүзеге асырудың құралы емес, мақсаты ретінде халықты әлеуметтік жағынан қорғау институттарын кеңейтудің және әлеуметтік

саланың өмірлік маңызды салаларын қаржылай қолдауды назарда ұстай отырып, әлеуметтік және экологиялық саясатты тереңдету;
экономикада одан әрі құрылымдық өзгерістер жасау;
сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыру;
халықты аталымды әлеуметтік қорғау жүйесін жасау;
аймақтарды әлеуметтік-экономикалық жағынан дамытуды теңестіру, шағын және орташа қалалардың тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар болып табылады.

2.2.1. Әлі мемлекеттік реттеу аясында қалып отырған бағаны ырықтандыру шеңберінде оларды өндірушілерге, монополист кәсіпорындар үшін енгізілген өндіріс рентабельділігі деңгейі мен өнімдерді және тауарларды өткізуді шектеуден бас тарта отырып, бюджеттен дотация алмай өз шығысын жабуға мүмкіндік беретіндей деңгейге дейін кезең-кезеңімен көтеру қажет.

2.2.2. Тауар нарығын ырықтандыру жөнінде мемлекет мұқтаждығы жүйесін жойып, толығымен мемлекеттік сатып алу жүйесіне көшу керек.

Тауар нарықтарын ырықтандыру кезінде көтерме сауда мен жүк тасымалы, сыртқы сауда саласында монополизм жойылады, мұның өзі нақтылы бәсекені дамытуға және тауардың шынайы бағасын анықтауға жәрдемдесетін болады, сондай-ақ өнім экспортына рұқсат беру тәртібі жойылады.

2.2.3. Үкіметтің басты міндеті инфляцияға қарсы саясатты одан әрі жалғастыру болып қала береді. Бұл проблеманы шешу бюджет тапшылығын төмендету, кредит шығарылымын қысқарту әрі кіші деңгейде зиян шегуші және тиімсіз кәсіпорындарды ретке келтіру мен банкроттық тетіктерін қалыптастыру және іске қосу жөніндегі келісілген макроэкономикалық тұрақтандыру шараларын жүзеге асырумен байланысты.

2.2.4. Кәсіпорындардың реформасы соның ішінде экономиканың төлем жасамау дертіне шалдыққан бөлігін оқшаулауды да және оны сауықтыруды, менеджменттің жаңа мәнерін, Үкіметтің, Ұлттық банк пен кәсіпорындардың қаржыларын түпкілікті ажыратуды жүзеге асыруды қамтиды.

Кәсіпорындар қызметінің тәртіптелген қаржы ортасын қалыптастыру банкроттықтың қатаң әрі мүдіріссіз тетіктерінің, кепілдік пен сақтандырудың, өнім мен қызметке төлем жасаудың айқын кепілдемесі болуын, Үкімет пен Ұлттық банк функцияларының біртекті ажыратылуын талап етеді.

2.2.5. Экономикадағы жеке сектордың өсуі бұрынғысынша ескі мемлекеттік экономиканы жаңа экономикаға айналдыру арқылы, сондай-ақ жаңа жеке фирмалар құру жолымен жүргізіледі.

Қандай жағдайда болсын, жеке кәсіпкерлік корпусын жеделдете дамытуға бағытталған белсенді мемлекеттік саясат жүргізу назарда ұсталады.

Экономика жағынан өрге басудың негізгі факторы іскерлік белсенділіктің

өсуін, демек халықтың жұмыс деңгейінің артуын ынталандыру мен көтермелеуді күшейту арқылы қамтамасыз ету ескеріледі. Бұл орайда салық ауыртпалығын төмендету мен жалақының өсуіне шектеулерді алудың жетекші маңызы бар.

2.2.6. Үкімет халықтың әлеуметтік қорғалуын орта мерзімді перспективада адамның өмір сүру деңгейін төмендетуге жол бермей, әрі халықтың кесімді табысы бар жіктері мен топтарының материалдық жағдайы мен тұрмысын тұрақтандыру және біртіндеп жақсарту үшін нақты алғышарттар жасай отырып, халықтың аз қамтамасыз етілген топтарын атамалы мемлекеттік қолдауды дәлдеу жолымен қамтамасыз етуді көздейді.

III. Үкімет Бағдарламасының ой-ниеті

3.1. Үкімет Бағдарламасында реформаларды жеделдету мен тереңдетудің мынадай тұжырымдамасын немесе ой-ниетін жүзеге асыру көзделеді.

3.2. Реформалардың 1992-1993 жылдары жүзеге асырылған үлгісі рубль аймағының болуынан, кедендік шекараларды ойдағыдай жалғастыру мүмкін еместігінен, экономиканы жаңғырту үшін қажетті қаражаттың жоқтығынан Қазақстан үшін мәжбүрлік еді.

3.3. Жүргізілген макроэкономикалық және жүйелік реформалар негізінен алғанда дұрыс болатын, алайда олар ортақ экономикалық саясатта шамадан тыс үстемдік етті де, бұларға баса назар аударылып, олар көп ретте ортақ экономикалық саясаттың басқа құрандылары есебінен әрі зардабын тигізе жүргізіп келді. Соңғылары макроэкономикалық мақсатқа жетудің құралына да а й н а л д ы .

Көп ретте мұндай саясаттың объективтік дәлелді себептері болды.

3.4. Реформалар экономиканың тұтас секторының тіршілікте қабілетсіздігін көрсетіп берді. КСРО-ның ыдырауы өндірісті құрылымдық қайта құрудың дәнекері болып, ондағы дағдарыс құбылыстарды күшейте түсті.

Соның салдары ретінде өндіріс орасан құлдырауға ұшырап, әлеуметтік сала шегіне дейін сығымдала түсті. Оның ақыры тұрмыс деңгейінің мейлінше төмендеуіне әкеліп соғуға тиіс болатын.

3.5. Реформалардың осынау сценарийінің өндірістік және әлеуметтік резервтері түгесіліп бітуге жақын, әрі бұдан былай реформалар бағытын қаржыландырудың көзі бола алмайды.

Экономикалық дағдарыстың өзі одан реформаларды жеделдету мен тереңдету арқылы ғана шығу мүмкін болатындай сапаға ие болды.

Реформалар оларды жалғастыру мен жеделдетуге деген шығындарды ұлғайту қажет болатындай деңгейге келіп тірелді.

3.6. Өзін-өзі қамтамасыз ету принциптеріне негізделген жүйелілік қайта құрулар мен инфляцияға қарсы саясатты жалғастыру бұдан былай рабайсыз инфляцияның өршуін, өндірістің жаппай құлдырауын үдете түседі және

адамдардың үлкен бөлігінің кедейшіліктің шегінде тұрған адамдар санатына қосылуына әкеліп соғады.

3.7. Реформалардың ой-ниетін инфляцияға қарсы саясатты негізге алып, реформаның өзін тереңдетуге саяды, мұның өзі өндірістің және тұрмыс деңгейінің жалпы құлдырауына жол бермеуді қамтамасыз етеді.

Бұл арада қаржыландырудың, бір жағынан, инфляциялық емес, екінші жағынан, реформаларды жеделдету мен тереңдету және экономикалық өсу ошақтарын жасауға мүмкіндік беретін займ көздерін табу назарда ұсталынады.

3.8. Алға қойған міндеттерді жүзеге асыру жөніндегі Үкіметтің ой-ниеті мүмкіндігінше әлеуметтік сала мен өндіріс есебінен ақша шоғырын шектеу жөніндегі жүргізіліп отырған ауқымды саясаттан бюджет тапшылығын қысқарту есебінен емес, ал оны қаржыландырудың инфляциялық құрандыларын мейлінше азайту есебінен іске асырылатын инфляцияға қарсы басқа саясат жүргізуге саятын жолға түсуде болып отыр.

Б. Реформаларды жеделдету мен тереңдетудің негізгі бағыттары

IV. Құрылымдық-инвестициялық саясат

4.1. Ой-ниет. Үкімет отын-энергетика салаларын, металлургия кешенін, алтын өндіру өнеркәсібін дамыту, рынокты халық тұтынатын тауарлармен және азық-түлікпен молықтыру, көлік пен байланысты дамыту сияқты таңдап алынған басымдылықтар шеңберінде экономикадағы құрылымдық өзгерістерді одан әрі жүзеге асыра береді.

Энергияны үнемдеу бағдарламаларын жүзеге асыру, энергия жиналымы салаларында өндірістік қуаттарды жаңғырту Үкіметтің құрылымдық саясатының басты бағыты болып белгіленген. Бұл арада энергияны үнемдейтін технологиялар мен жабдықтарды енгізу назарда ұсталып отыр.

Ішкі инвестициялық ресурстар тапшылығы жағдайында орталықтандырылған мемлекеттік инвестициялар республиканың экономикасы үшін принципті маңызы бар жобаларды жүзеге асыру үшін ғана шоғырландырылатын болады. Шетелдік инвестициялар құрылымдық өзгерістердің маңызды көзі ретінде қарастырылады.

Экономиканы жаңғырту қорының қаражаты бұрынғысынша 20 проценті мөлшерінде қайтарымсыз негізде әлеуметтік саланы дамытуға жұмсалады. Бұлар - ең алдымен, құрылысының дайындығы 80 проценттен асып, 1994 жылдан ауысатын денсаулық сақтау, коммуналдық шаруашылық және сумен жабдықтау, республикалық нысаналы бағдарламалар объектілері, бюджеттік ұйымдарға, өздерінің тарихи отанына оралған жергілікті ұлт адамдарына арналған - тұрғын үйлер, сондай-ақ жалпы маңызы бар объектілер.

Өзге басымдық жобаларды ұзақ мерзімді жеңілдікпен кредиттеуді жан-жақты сараптаудан кейін және қаражаттың нысаналы пайдаланылуы мен қайтарылуы үшін қатаң жауапкершілігі шартымен құрылатын Қайта жаңарту және даму банкі жүзеге асырады.

4.2. Үкіметтің іс-қимылы. 1994 жылы солтүстік және оңтүстік энергия жүйелерін қосатын электр беру жүйелерін, сондай-ақ Екібастұз МАЭС-2, Оңтүстік Қазақстан МАЭС-ын, салу есебінен Қазақстанның біртұтас энергия жүйесін құру жөніндегі жұмыс жалғастырылады және жаңа Ақтөбе ЖЭО-ның құрылысы басталады.

Қазақстанның мұнай өнімдерін алып тұруы жөніндегі тәуелділігін азайту және мұнай өнімдерінің ішкі рыногының ұдайы тапшылығын жою, мұнай мен мұнай өнімдерінің экспортын ұлғайту Батыс Қазақстан - Құмкөл мұнай құбыры құрылысын жалғастыруды, шетелдік фирмалардың қатысуымен мұнай мен газ кен орындарын (Қарашығанақ, Теңіз, Құмкөл) дамытуды, Атырау, Павлодар және Шымкент мұнай өңдеу зауыттарын қайта жаңарту мен кеңейтуді, пропилен мен бензол сияқты мұнай-химия өндірістерін құруды көздейді.

Бірінші және екінші кезеңдерде көмір өнеркәсібінің проблемалары шешілетін болады. Бұл орайда 1994-1995 жылдары көмір қорын оңтайлы пайдалану, Екібастұз кен орнында оны шығаруды тұрақтандыру, Қарағанды бассейніндегі рентабельдігі төмен және зиян шегуші шахталарды біртіндеп пайдаланудан шығара отырып, Шұбаркөл және Майкүбі кен орындарында өндірісті кеңейту, көмірлі шағын кен орындарын дамыту мен кешенді пайдалану жөніндегі шаралар жүзеге асырылмақ.

Қара металлургияда - үшінші бөліс өнімдерін шығару үлесін ұлғайту (дәнекерленген мұржалардың, соның ішінде мұнай және газ сортаментінің, феррохромның әртүрлі маркаларының және басқаларының өндірісін кеңейту), түсті металлургияда - руда базасын (полиметалл және қорғасын-мырыш рудаларын өндіру жөнінде - Қызылорда облысының Шалқия, Шығыс Қазақстан облысының Малеевка, Чекмарь және Артемьевка рудниктерін, құрамында титаны бар рудалар өндіру жөнінде - Көкшетау облысындағы Обухов және Ақтөбе облысындағы Шоқаш кен орындарын, вольфрам рудаларын өндіру жөнінде - Жезқазған облысының Солтүстік Қатпар руднигін және басқаларын), қазіргі өндірістерді ("Балқашмыс" ОБ, "Жезқазғантүстімет" ҒӨБ, Шымкент қорғасын зауыты және Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты) қайта жаңарту мен техникалық жағынан қайта жарақтандыру, Васильковск, Бақыршық, Ақбақай алтын кен орындарын игеру жөніндегі жұмыстарды жеделдету бағдары жүзеге асырылмақ.

1994-1995 жылдары Қазақстанның халықаралық теміржол ("Достық" стансасын дамыту), теңіз ("Ақтау қаласындағы кемежайды қайта жаңарту"), әуе (

Алматы, Ақтау, Қарағанды қалаларының әуежайларын қайта жаңарту) желілері мен автомагистралына шығуды қамтамасыз ету жөніндегі саясат жалғаса бермек.

Қорғаныс өнеркәсібінің кәсіпорындарын конверсиялау бағдарламаларын жүзеге асыру - құрылымдық саясаттың аса маңызды бағыты болып табылады. 1994-1995 жылдары мемлекет Экономиканы жаңғырту қорының қаражаты есебінен осы кәсіпорындардың тұтыну рыногын молайту мақсатында азаматтық өнімдер өндіруге қайта бейімделуін қолдайтын болады.

Аграрлық саясат агроөнеркәсіп кешенінде нарықтық қатынастарды одан әрі дамыта беруге бағытталады.

1994-1995 жылдары Үкімет аграрлық саясат саласында жер рыногын, ипотектік кредитті дамыту және кепілдік құқықты жетілдіру жөнінде шаралар қолдануды; тұтас алғанда меншік нысандарын ауыстыру, көп укладты ауыл шаруашылығы экономикасын қалыптастыру, село тауар өндірушілерін ауыл шаруашылығы шикізатын ұқсату жөніндегі кәсіпорындармен акционерлендіру жолымен біріктіру және кооперациялау негізінде экстенсивті ауыл шаруашылығы өндірісі мен агроөнеркәсіп кешенін белсенді түрде реформалауды, бұл үшін қажет болатын заңдылық және нормативтік актілерді әзірлеуді көздейді.

V. Бәсекелестік саясаты және бағаны ырықтандыру

5.1. Ой-ниет. Еркін баға - нарықтық экономиканың басты құрандыларының бірі. Мемлекет тарапынан реттелмейтін, әрі оны құрайтын шығын мен пайда әртүрлі шектеулермен және салықтармен, жеңілдіктермен, демеуақылармен, рентабельділікті шектеумен және тағы басқалармен бұрмаланбаған жағдайда ғана баға еркін бола алады. Бірінші жағдайда баға тікелей, екіншісінде - жанама реттеуге ұшырайды.

Үкімет 1994 жылы бағасы мемлекет тарапынан реттелетін тауарлар мен қызмет көрсетудің тізбесін қысқартады. Жыл аяғына дейін мемлекеттің реттеуінде мыналар қалады: темір жол көлігімен жүк және жолаушылар тасудың тарифтері; "Қазақстанэнерго" компаниясының энергия жүйелері өндіретін электр және жылу энергиясы; табиғи газдың бағасы; пәтерақы; халық үшін коммуналдық қызмет көрсетуге арналған тарифтер; байланыстың негізгі қызмет көрсетулері. Реттелетін бағалар мен тарифтер өндірушілердің өз шығындарының орнын толтыруға мүмкіндік беретін деңгейде біртіндеп арттырылып отырылады.

Үкімет 1994 жылы энергия көздеріне және өнімдердің басқа да құрылымдарын құраушы түрлеріне бағаның ырықтандырылуы 1995 жылы бағаның әлемдік құрылымына жақын жаңа құрылымның қалыптасуына байланысты инфляция факторы бағаның өсуіне елеулі түрде әсер етпейтін

б о л а д ы д е п т о п ш ы л а й д ы .

1 9 9 5 ж ы л ы Ү к і м е т :

нанға бағаны біртіндеп босатуды және тиісінше жәрдем берілуін азайтуды, мемлекеттік бюджеттен халықтың аз қамтамасыз етілген жіктеріне атамалы өтемақы төлеу жүйесіне көшуді;

тұрғын үй коммуналдық қызмет көрсетуге төлем жасауды өзіндік құнның өтелуін қамтамасыз ететін мөлшерге дейін көтеріп, оларды кейіннен босатуды, халықтың аз қамтамасыз етілген шығындарының атамалы өтелуін жүзеге а с ы р а д ы ;

өнімдерді мемлекеттің сатып алуын, атқарған жұмысқа (көрсетілген қызметке) төлем жасалуын конкурстық негізде келісімді баға бойынша жүзеге асыруды;

ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу мен сату кезінде форвардтық-фьючерлік контрактілер жасалу практикасын өрістетуді;

тауарларды республикалық тауар өндірушілерден тұтынушыларға дейін жеткізу жолында саудалық-делдал ұйымдары мен жеке адамдар санын азайтуды қамтамасыз ететін тетік жасауды;

барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін бағаны қалыптастыруға бірыңғай әдіснамалық ұстаным (шығындарды өнімдердің өзіндік құнына жатқызу тәртібін, еркін бағаны және басқаларын қалыптастырудың бірыңғай е р е ж е л е р і н) б е л г і л е у д і ;

салық реформасымен бір мезгілде өзіндік құнды түрлі нысаналы қорларға аударымдар түріндегі әр қилы салықтардан ада етуді көздейді.

шамадан тыс кіріс алуын болдырмау мақсатында монополист кәсіпорындардың рентабельділігін шектеуден монополдық өсіруін табу арқылы олардың баға қою деңгейіне бақылау жасауға көшу ісі жүзеге асырылатын б о л а д ы .

Кәсіпорындар арасында бағаның өсуін өзара шектеу жөнінде екіжақты және көпжақты келісімдер жасалуын кеңінен енгізу қажет.

Республикалық деңгейде монополизмді шектеу мен оның жолын кесу, монополиялық құрылымдарды - ықшамдау, әкімшілік жолмен берілген монополистік құқықтар мен жеңілдіктерді жою, барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін тең жағдай туғызу мақсатында Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеттің мәртебесі нығайтылатын болады.

Тұтынушылардың құқығын монополистердің қыспағынан қорғау және нысапсыз бәсеке жағдайларын анықтау мен тыю жөніндегі жұмысты елеулі түрде жандандыру талап етіледі.

5.2. Үкіметтің іс-қимылы. Жыл сайын, бюджетті жасау кезінде, Үкімет жоғарыда жария етілген бағаны тікелей реттеуге қатысты саясатты жүзеге а с ы р а т ы н б о л а д ы .

Жоғарғы Кеңеске 1994 жылғы тамызда "Баға тағайындау туралы" ескірген заңды алып тастау жөнінде ұсыныс жасалып, сондай-ақ реттелетін бағалар тізбесін тарылтуға қатысты Министрлер Кабинетінің "Энергия ресурстарының бағасын ырықтандыру және қызметтің жекелеген түрлеріне тарифтерді реттеу туралы" 1994 жылғы 23 наурыздағы N 288 қаулысына өзгерістер енгізіледі.

Жоғарғы Кеңеске Салық кодексі жобасын енгізумен бір мезгілде "Экономиканы жаңғырту қоры туралы", "Жол қоры туралы" және басқа заңдарды алып тастау немесе оларға түзетулер енгізу жөнінде ұсыныстар жасалады.

1994 жылы қыркүйекте Жоғарғы Кеңеске "Бәсекені дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы" Заңның жаңа редакциясы, сондай-ақ Қазақ КСР-нің "Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы" Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізілетін болады.

1994 жылғы қыркүйектен желтоқсанға дейін ұлттық және мемлекеттік акционерлік компаниялар мен холдингтер құруға қатысты Үкімет шешімдері монополияға қарсы заңдарға сәйкестігі тұрғысында қайта қаралмақ.

1994 жылы тамызда тұтынушылардың құқығын қорғау және Қазақстан тұтынушылар одағын нығайту жөніндегі жұмысты жандандыру туралы Үкімет шешімі қабылданатын болады.

Монополияға қарсы Заңның жаңа редакциясының қабылдануына орай баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитет туралы Ереже нақтылана түседі.

1994 жылдың аяғына дейін Үкімет құқық қорғау органдары қызметкерлердің әлеуметтік-құқықтық мәртебесін арттыру жөнінде бірқатар нормативтік актілерді қабылдайды.

VI. Тауар нарықтарын ырықтандыру

6.1. Ой-ниет. Бағаны жанама түрде реттеуді жою көп ретте қазіргі тауар нарықтарын ырықтандыруға байланысты болады. Мұның өзі ішкі және сыртқы саудадағы орын алып отырған кедергілерді алып тастауды, сондай-ақ олардың арасындағы айырмашылықты жоюды көздейді.

6.1.1. Мемлекет рынокта тең құқықты субъект болған жағдайда мемлекеттік сатып алу жүйесіне көшуге орай ішкі саудадан мемлекеттік мұқтаждар үшін өнімдер мен тауарлар сатып алудан және әр түрлі мемлекеттік және облыстық тапсырыстар беруден бас тарту көзделеді.

Биржалық сауда жандана түседі, тауар биржаларында республикада өндірілген өнімдер мен тауарларды өткізуге біртіндеп көшу жүзеге асырылады, бұл ретте биржалардың компьютерленген ақпарат желісі бойынша ақпаратты шапшаң беру мүмкіндігі пайдаланылады, мұның өзі қажетті тауар іздеу уақытын қысқартуға, шығасыны азайтуға септігін тигізеді.

Үкімет автожүк тасымалы мен көтерме сауда саласында жекешелендіру және

кәсіпорындар мен ұйымдарды ықшамдау процесін жеделдетеді. Мұның өзі осында қалыптасқан монополистік құрылымдарды таратуға мүмкіндік туғызады.

Үкімет олардың ерекшеліктерін ескере отырып, елдің аса маңызды тауар нарықтарын ырықтандырудың мониторинг жүйесін жасайды. Мысалы, елдің басты стратегиялық ресурсы ретінде мұнай рыногы едәуір дәрежеде орталықтандырылып шектелетін болады. Осы мақсатта мұнай секторындағы қолданылып жүрген салық салу жүйесі қайта қаралмақ, бұл үшін роялтиді төлемдердің негізгі біреуі ету көзделуде, оның мөлшері өндірілген мұнайдың көлеміне қарай белгіленеді және қазір қолданылып жүрген салық түрлері жойылып, ішкі саудаға салық енгізіледі.

Керісінше, астық нарығы барынша ырықтандырылып, оның негізі форвардтық және фьючерлік мәмілелер пайдаланылатын астықпен биржалық сауда жасау болмақ. Олардың орындалуына кепілдікті орнына ұсталатын тәуекелдіктен сақтандыру үшін биржалардың жанынан құралатын арнайы орталықтар беретін болады. Мұның өзі, негізінен алғанда, астықтың және АӨК-тік басқа да өнімдерінің нақтылы құнын барынша бұрмалап келген ауыл шаруашылығына мемлекеттің жеңілдікті кредиттер мен өзге де жеңілдіктерді беруден бас тартуына мүмкіндік туғызады.

Осы мақсатпен де мемлекет тарапынан қандай болсын бағаны күштеп шектеу қою жойылып, дәнді дақылдардың бағасы ырықтандырылатын болады.

6.1.2. Сыртқы сауданы одан әрі ырықтандыру үшін республиканың шаруашылық жүргізуші субъектілерінің сыртқы рынокқа тікелей шығуы үшін қажетті жағдай туғызу қажет. Осы мақсатпен сыртқы саудадағы Мемлекеттік сыртқы сауда компаниялары арқылы жүргізілетін мемлекеттік монополиядан бас тартып, оларды жекешелендіру арқылы мемлекеттік мәртебесінен айыру қажет, сөйтіп, олардың тауар биржаларындағы операцияларын құқығы жағынан республиканың шаруашылық жүргізуші басқа субъектілерімен теңестіру қажет.

Сыртқы сауданы ырықтандыру тауарлар (жұмыс, қызмет) экспортын квоталау мен лицензиялау жүйесін жоюды талап етеді. Мұны квоталауды бөлу мен лицензиялар беруден оларды 1994 жылы тауар биржаларында өткізілетін аукциондарында сатуға кезең-кезеңімен көшіру жолымен іске асыруға болады, 1995 жылдан бастап Үкімет мемлекеттік маңызы бар өнімдер тізбесін анықтаудан және тауарлар (жұмыс пен қызмет) экспортына квоталар мен лицензиялар беруден бас тартуды көздеп отыр, бұған мемлекет үшін аса маңызды ресурстар кірмейді.

Бұл ретте Үкімет валюталық және экспорттық-импорттық операцияға тура және жанама бақылау жасау тетігін өз қолында сақтап қалады.

6.2. Үкіметтің іс-қимылы. 1994 жылғы қыркүйекте Жоғарғы Кеңестің алдында "Мемлекет мұқтаждарына арналған өнімдер беруді, жұмыс (қызмет) атқаруды қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 18 желтоқсандағы N 1798 қаулысының күшін жою туралы мәселе ұсынылып, сондай-ақ Министрлер Кабинетінің "Мемлекет мұқтаждарын қамтамасыз ету үшін өнім сатып алу мен беріп тұру, жұмыстар (қызметтер) атқарудың тәртібі туралы" 1993 жылғы 21 қаңтардағы N 58 қаулысына мемлекеттік мұқтаждан мемлекеттік сатып алу жүйесіне көшуге қатысты өзгертулер мен толықтырулар енгізіледі.

1994 жылғы сәуірде Жоғарғы Кеңестің бекітуіне "Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы енгізілді, онда биржалық сауданың ұйымдық-құқықтық негіздері және биржалар қызметін мемлекеттік реттеу тетіктері жасалған.

1994 жылғы қыркүйекте Жоғарғы Кеңеске Ұлттық мұнай компаниясын құруға бағытталған "Мұнай туралы" Заңның жобасын енгізу көзделіп отыр. Үстіміздегі жылы қарашада Жоғарғы Кеңеске Қазақстан Республикасының Салық кодексінің жобасы табыс етіледі, ол салық ауыртпалығын төмендету, салық жүйесінің қарапайымдылығы мен тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында өзгерістерді ескере отырып, барлық салық заңдарын біріктіреді, қазіргі уақытта қолданылып жүрген салық, төлемдер мен әр түрлі нысаналы қорларға жасалатын аударымдарды едәуір қысқартады.

1994 жылғы қазанда Президенттің бекітуіне "Сыртқы экономикалық саясатты ырықтандыру туралы" Жарлығының жобасы енгізіледі, онда мемлекеттік маңызы бар өнімдерді экспортқа шығаратын мемлекеттік сыртқы сауда компанияларының монополиясын жою мақсатымен "Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 30 шілдедегі N 1311, 1994 жылғы 11 қаңтардағы N 1498 Жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Президенттің 1994 жылғы 18 сәуірдегі N 1672 Жарлығының ережелерін жою көзделеді, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының аумағында тауарлардың (атқарылатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспорты мен импортын квоталау және лицензиялау туралы" Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 26 сәуірдегі N 435 қаулысына 1995 жылы тауарлардың (атқарылатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын квоталау мен лицензиялаудан бас тарту мақсатын көздейтін өзгерістер енгізіледі.

1994 жылғы қазанда Жоғарғы Кеңеске "Тағам өнімдері туралы" Заңның жобасын енгізу көзделіп отыр.

VII. Инфляцияны төмендету

7.1. Ой-ниет. Үкімет тиісті бюджет және кредит саясаты, сондай-ақ санациялау мен банкроттық тәртібін енгізу арқылы инфляцияға қарсы қатаң саясат жүргізетін болады.

7.1.1. Қатаң бюджет саясатын жүргізу кезінде Үкімет алғашқы кезеңде бюджет тапшылығын жалпы ішкі өнімнің 4,6 проценті деңгейінде шектеп, кейіннен бюджет тапшылығын қаржыландырудың инфляциялық құрылымдарын азайтуға көшуді көздейді. 1994 жылдың бюджетін реформалау түскен табысты есепке ала отырып, шығындардың құрылымын өзгерту мен оларды болғызбауға б а ғ ы т т а л а д ы .

1994 жылы бюджеттің шығыс бөлігін қысқарту субсидия мен дотацияға қатаң лимит енгізу жолымен жүргізілетін болады. Халықтың аз қамтамасыз етілген бөлігін аталымдығы жоғары дәрежеде болатындай әлеуметтік қорғауға бір мезгілде көшіру арқылы ашық та, сондай-ақ жабық та субсидиялар қысқартылады. Үкімет реттелетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бағасын бюджеттен дотациялауды бұдан былай да қысқартып, халықтың аз қамтамасыз етілген жіктеріне ғана өтем жасайтын болады.

Үкімет негізінен мемлекеттік мекемелер мен атқарушы өкімет қызметкерлерінің санын қысқарту және оларды ұтымды орналастыру есебінен бюджеттік ұйымдардың Жалақы қорын қысқартып, оны жалпы ішкі өнімнің 3 проценті сомасында шектеуді көздеп отыр.

Үкімет, қажет болған жағдайда, егер салық-бюджет саласында жүргізіліп отырған саясат оңтайлы нәтиже бермесе және бюджет тапшылығы өсе беретін болса, қолда бар табысқа қарай бюджеттік шығынға тыйым салу жөнінде шаралар қолдануды көздейді. Мұндай жағдайда бюджеттің шығыс бөлігі бірінші кезекте әлеуметтік мұқтаждарға, жалақы төлеуге, сондай-ақ астық пен дәрі-дәрмек сатып алуға пайдаланылады.

1995 жылдан бастап салықты кеміту мен нысаналы шығындарды ұлғайту нәтижесінде бюджеттің тапшылығы күрт артады. Оны қаржыландыру олардың қайтарымының айқын тетігін белгілеу жағдайында негізінен ішкі және сыртқы займдар есебінен жүзеге асырылады.

Мемлекеттің ішкі займдары қысқа және орта мерзімді сипаттағы мемлекеттік қазыналық облигацияларды өткізу жолымен жүргізілмек.

Сыртқы берешек сомасы мен сыртқы займдарды қамту жөніндегі міндеттемелерге төлем жасауға арналған ішкі резервтерді қорландыруға бақылау жасай отырып, сыртқы займдарды тартудың стратегиясы мен тетіктері көзделген. Бұл шараларды таяуда Қаржы министрлігі жүйесінде құрылған Қазынашылық жүзеге асыратын болады. Мемлекеттің қаржы саясатының барлық түйіндері бойынша Қаржы министрлігінің мәртебесі едәуір нығайтылмақ.

7.1.2. Үкімет, сондай-ақ инфляцияны төмендетуге бағытталған қатаң кредит саясатын жүргізеді. Бұл банк жүйесінің реформасын аяқтаумен қатар жүзеге асырылмақ.

Кредит эмиссиясының көлемін қысқарту, кредиттің уақтылы әрі толық қайтарылуын қамтамасыз ету, аукционнан кредит сату мөлшерін ұлғайту негізінде кредит нарығын дамыту, инфляция деңгейін ескере отырып, Ұлттық банктің қайта қаржыландыру ставкасын нарықтың маңызды деңгейінде қолдау жөнінде шаралар қолданылады. Бұған қоса, Үкімет банк жүйесін Үкіметтің орталықтандырылған кредит жөніндегі міндеттемелерінен босату бағытын ұстайды.

Үкімет еліміздің ірі-ірі коммерциялық банктер аудитін ұйымдастыру жолымен банк қызметінің бақылауын қамтамасыз етеді, сондай-ақ Үкімет пен Ұлттық банк жұмысын үйлестіруді жақсарту жөнінде шаралар қолданады. Бұл жерде Үкіметтің жұмысын қаржы мәселелеріне, ал Ұлттық банктің жұмысын - ақша-кредит саясатына аудару назарда ұсталып отыр.

Үкімет берешекті қосымша кредит эмиссиясынсыз есепке алуды аяқтап, берешек кәсіпорындардың борышын оларды (мемлекеттік маңызы бар кәсіпорындардан басқасын) банкрот деп жариялау және олардың мүлкі мен құралдарын аукционда сату немесе олардың борышын өтей алатын кредиторларға беру жолымен өтемек.

Үкімет қайтарылмаған займдары тиісті кредиттер банктердің қаржысынан өтелетін зиян шегуші кәсіпорындардың акцияларына мемлекеттік бағалы қағаздар шығару арқылы банктердің қайта капиталдандырылуын жүргізуді көздеп отыр.

Берешектің уақтылы өтелмеуі және оның мерзімінің ұзартылуы мүмкін кәсіпорындар кредитінің, ауыл шаруашылық кредитін қосқанда, көлемін шектеу шаралары қолданылмақ.

Үкімет неғұрлым тиімді және жұмыс істеуге қабілетті кәсіпорындардың қаржы алуына бөгет жасайтын және тиімсіз әрі зиян шегетін өндірістерге қолдау көрсететін кредит және қаржы дотацияларын бөлу жүйесін жою жөнінде қажетті күш-жігерді жұмсайды.

Шетел қатысатын банктердің Қазақстан Республикасының резиденттеріне коммерциялық қызмет көрсетуіне заң жүзінде тыйым салу көзделуде.

Ұлттық банк сауда-саттық арқылы берілетін кредит ресурстарын ұлғайту саясатын жүргізіп, кредит ресурстарының жалпы мөлшеріндегі олардың үлесін 1994 жылдың аяғына қарай 75 процентке дейін жеткізеді.

1994 жылдан бастап Ұлттық банк коммерциялық банктер мен өндірістерді кредиттеу мәселелерінен бой тартуға кірісіп, өз қызметін банк жүйесінің реформасына және ақша айналысы мен теңгені тұрақтандыруға

ш о ғ ы р л а н д ы р а д ы .

Ұлттық банктің атқарушы және заң шығарушы билікке тәуелсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ оны еліміздің резерв жүйесі етіп қайта құру көзделеді.

7.2. Үкіметтің іс-қимылы. 1994 жылдың аяғына дейін "Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі туралы" Заңға бірқатар түзетулерді Үкімет Жоғарғы Кеңеске енгізеді. Қатаң бюджет саясатын жүргізу жөніндегі негізгі шаралар Жоғарғы Кеңеске енгізілетін бюджет жобаларында көзделінетін болады.

1994 жылғы қыркүйекте Жоғарғы Кеңеске кәсіпорындар мен ұйымдардың банкроттығы туралы Заңның жаңа редакциясы ұсынылады.

1994 жылдың аяғына дейін Үкімет пен Ұлттық банк Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне "Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы" Заңға және "Қазақстан Республикасындағы банктер туралы" Заңға бірқатар өзгертулер мен толықтырулар енгізеді.

1994 жылғы тамызда берешек кәсіпорындар мен олардың басшыларына берешекті уақтылы қайтармағаны үшін материалдық және әкімшілік жауапкершілік шараларын қолдануды көздейтін нормативті актілер қабылданады.

1994 жылғы тамызда Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын кредиттеу және берешекті өтеу мерзімін ұзартуға жол берілетін кредиттің бір бөлігін лимиттеу туралы Министрлер Кабинетінің қаулысы, сондай-ақ Мемлекеттік қазыналық облигацияларды сату жолымен ішкі рынокта займдар өткізу туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы қабылданатын болады.

VIII. Экономикалық өсудің алғышарттарын жасау

8.1. Өндірістік кәсіпорындардың реформасы және қаржылық ортаны сауықтыру

8.1.1. Ой-ниет. Қаржы мекемелеріне өндіруші кәсіпорындар тарапынан да, Үкімет тарапынан да тәртіпті көзқарас ахуалын жасау үшін Министрлер Кабинеті төлемдерді кешіктіргені үшін қатаң санкция енгізіп, кәсіпорындар арасындағы берешекті өзара есептеу жүргізу практикасын тоқтатады, жағдайы жоқ кәсіпорындар үшін банкроттық туралы заңдарды қолданады және беріліп тұратын тауарлар мен өнімдер үшін уақтылы ақы төлеуге берік кепілдік беру туралы кәсіпорындардың алдын-ала талап етуін қолдайды.

Бұл үшін, бірінші кезекте, зиян шегуші кәсіпорындардың тағдыры анықталады. Осы мақсатта зиян шегуші барлық кәсіпорындардың және сауықтыруды керек ететін, яғни мемлекеттің қолдауына мұқтаж кәсіпорындардың тізбесі, сондай-ақ ықшамдауға, яки мүлде таратуға жататын

кәсіпорындардың тізбесі жасалатын болады.

Кәсіпорындарды ретке келтіру мен банкроттау мәселелерін шешу үшін Үкімет Қаржы министрлігінің бақылауымен тиісті қаржы институтын құрады, ол зиян шегуші кәсіпорындардың құрылымын өзгертуге және қаржы жағынан сауықтыруға қызмет көрсететін болады, сондай-ақ Кәсіпорындарды қаржылық оңалту жөніндегі агенттік құрылады.

Дертке шалдыққан кәсіпорындарды "емдеу" оны барлық қаржы міндеттемелерінен тазарта отырып қаржыландырудың сыртқы көздерінен оларды оқшаулауды көздейді. Кәсіпорындарды санациялау 1-1, 5 жылдан аспайтын мерзімге жүзеге асырылады, бұдан кейін оның тағдыры жөнінде "банк" шешімі қабылданады.

Үкімет Агроөнеркәсіп банкі холдинг үлгісіндегі кредит институты етіп қайта құруды көздей отырып, оған түбірлі реформа жүргізуге кіріседі.

Шарттық қатынастардың орындалуы үшін жауап беретін сот ісін жүргізу, құқық қорғау органдары мен төрелік жүйесін едәуір нығайту жөніндегі шаралар қолданылмақ.

Меншік жөніндегі құқықтар мен міндеттерді неғұрлым дәл анықтау, нарықтық экономиканың талаптарына сай келетін қажетті құқықтық негіз жасау үшін қолданылып жүрген заңдарға тексеру мен пысықтау жүргізілетін болады.

Бұған қоса, Үкімет әлеуметтік міндеттер (білім беру, мектепке дейінгі тәрбие, медициналық қызмет көрсету, мәдениет және демалыс объектілері, жұмыспен қамтудың мемлекеттік бағдарламасының қолданылуын сақтау) ауыртпалығы мойнына түсетін бейімсіз қызметтен кәсіпорынды құтқаруды назарда ұстап отыр.

Үкімет монополиясыздандыру принциптерін ұстана отырып, мемлекеттік кәсіпорындарды басқару жүйесі мен оларды басқару құрылымына елеулі түзетулер енгізуді көздейді.

8.1.2. Үкіметтің іс-қимылы. 1994 жылғы қазанда Министрлер Кабинеті мемлекеттік кәсіпорындардың бірі құрылтайшысы болатын бірлескен кәсіпорындар мен өндірістерді құру процесін реттеу тетігін (арнаулы ереже) айқындайды.

Ішкі де, сыртқы да инвестициялық белсенділікті, сондай-ақ ішкі рыноктың қорғалуын ынталандыру үшін Үкімет 1994 жылғы шілде-тамыз айларында Жоғарғы Кеңестің қарауына шетелдік инвестициялар туралы және лизингтік қатынастар жүйесі туралы жаңа заңдардың жобаларын, сондай-ақ жер туралы заңдарға толықтырулар мен өзгертулер енгізеді.

Бұдан бұрын атап көрсетілгеніндей, 1994 жылғы қыркүйекте Жоғарғы Кеңеске "Банкроттық туралы" Заңның жаңа редакциясы ұсынылады, онда кредиттерді орналастыру үшін және нарықтық ставкаларға қарағанда неғұрлым

төмен проценттік ставкалар бойынша кредиттер бергені үшін банктердің жауапкершілігі көзделінеді. Заңда кредит берушілердің, салық органдарының, банктердің, мемлекеттік қаржы органдарының өтініші бойынша төрелік, сот органдарының кәсіпорынды банкрот деп жариялау туралы шешім қабылдауына мүмкіндік беретін тетігі жайында, сондай-ақ кәсіпорынды банкрот деп жариялау туралы шешім қабылданғаннан кейінгі іс-қимыл тәртібі туралы ереже егжей-тегжейлі тұжырымдалады.

1994 жылғы тамызда Үкімет Қаржы министрлігінің жанынан қаржы институтын құру туралы Президент Жарлығының жобасын және Кәсіпорындарды қаржылық оңалту жөніндегі агенттік құру туралы Президент Жарлығының жобасын бекітуге ұсынады.

1994 жылғы тамыз - қыркүйек айларында кәсіпорындарды санациялау мен банкроттау процедурасы жөніндегі нормативті құжаттардың пакеті, олардың қатарында Ұлттық банктің займдарды жіктеу туралы, зиян шегуші кәсіпорындардың займдарын қаржы жағынан қамтамасыз ету туралы, зиян шегетін кәсіпорындардың кредит беруші банктерінің Үйлестіру кеңесін құру және оның зиян шегетін кәсіпорындарды қайта құру немесе тарату бағдарламасын әзірлеу мен жүзеге асыру жөніндегі қызметінің принциптері туралы нұсқаулықтары, сондай-ақ Қаржы министрлігінің банктерді қайта капиталдандыру процедурасы жөніндегі нұсқаулығы және басқалары әзірленеді.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің халық шаруашылығында есеп айырысу және бюджетке төлемдердің түсуін қамтамасыз ету үшін жауапкершілігін арттырудың шұғыл шараларын жүргізу талап етіледі.

Осыған байланысты салық органдарына валюта шоттарынан бюджет алдындағы берешекті теңгеге пара-пар соманың өндіріп алуына мүмкіндік беретін тетікті жасау көзделіп отыр.

Бұған қоса, кәсіпорындар өнім беріп тұрушылардан қаржының уақтылы түспеуінен бюджетпен есеп айырысуды кешіктірген жағдайда салық органдарының төлемдері дебиторлардың есепшотынан өндіріп алатын мүмкіндігі болуға тиіс.

Осы шаралардың бәрі Үкімет үстіміздегі жылғы шілдеде жобасын ұсынатын Президент Жарлығында жүзеге асырылады.

1995 жылы бухгалтерлік есепке алудың жаңа жүйесінің негізі жасалады және ол түпкілікті пысықталғаннан кейін 1996 жылы енгізіледі.

Үкімет өнім өндірушіге тән емес функцияларды жергілікті әкімдерге беру туралы шешім қабылдайды. Бұл үшін 1994 жылдың шілде - тамыз айларында:

- кәсіпорындардың балансында тұрған әлеуметтік, мәдени және тұрмыс объектілерін пайдалану тәртібін реттейтін ереже;

- әлеуметтік, мәдени-тұрмыс объектілерін жекешелендіру туралы ереже немесе осы объектілерді конкурс бойынша сатуға рұқсат беретін уақытша ережені шығару немесе олардың бағытын өзгертуге тыйым салуды енгізе отырып , акционерлік қоғамдар етіп қайта құру туралы ереже;

- тұрғын үйді, пәтерден тыс үйлер мен коммуналдық қамту орындарын ұстау туралы ереже әзірленіп, бекітіледі.

Үкімет 1994 жылғы қыркүйекте Жоғарғы Кеңестің қарауына әлеуметтік, мәдени-тұрмыс объектілері халыққа қызмет көрсетуін тоқтатуға жол бермеу үшін оларды пайдалану тәртібін жергілікті әкімдер деңгейінде реттеу туралы, сондай-ақ жергілікті өкімет органдарына мемлекеттік бюджет есебінен берілетін әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін күтіп ұстау жөніндегі шығынның бір бөлігін, жаңа шығындарды қаржыландырудың көзін дәл анықтаған жағдайда, қаржыландыру туралы заң жобаларын енгізеді.

1994 жылғы қыркүйек-желтоқсан айларында құрылған холдингтерді монополиясыздандыру шараларымен қатар Үкімет холдингтер мен ұлттық акционерлік компанияларды құру мен олардың жұмыс істеуін реттейтін қазіргі нормативті актілерге қажетті өзгерістер енгізеді.

1994 жылдың аяғына дейін "Қазақ ССР-індегі кәсіпорындар туралы" Заңның күшін жоюға мәселе қойылып, "Мемлекеттік кәсіпорындар туралы" жаңа Заң қабылданатын болады.

8.2. Жекешелендіру

8.2.1. Ой-ниет. Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған (II кезең) Ұлттық бағдарламасында көзделгеніндей, жекешелендіру төрт бағыт бойынша:

- сауда, қоғамдық тамақтандыру, қызмет көрсету, жүк және жолаушылар тасымалы саласындағы және басқа да салалардағы шағын объектілерді жекешелендіру (шағын жекешелендіру);

- ел халқының қалың жіктеріне меншік құқығын жүзеге асыруға және олардың бағалы қағаздармен жұмыс істеудің практикалық тәжірибесін алуға мүмкіндік туғызу (жаппай жекешелендіру);

- өзекті салалардың базалық кәсіпорындарының оңтайлы ұйымдық құрылымын жасау және жекеменшік пен мемлекеттің оларды басқаруға қатысуының арақатынасын анықтау, сондай-ақ отандық және шетел инвесторларын тарту (жеке жобалар бойынша жекешелендіру);

- ауыл шаруашылығында көп укладты экономиканы қалыптастыру, оның тиімділігін арттыру, кәсіпкерлік қызметті ынталандыру және бәсекелік ортаны дамыту (агроөнеркәсіп кешеніндегі жекешелендіру) бағыты бойынша жүзеге асырылады .

Бірінші бағыт, ең алдымен, қызметкерлер саны 200-ге дейінгі объектілерді

камтиды және оларды жекешелендіру ақшалай қаражатты және қалған тұрғын үй купондарын пайдаланып, аукциондық-коммерциялық сату жолымен жүзеге асырылады.

Екінші бағыт агроөнеркәсіп кешеніне кірмейтін және шағын жекешелендіру мен жеке жобалар бойынша жекешелендіруге енгізілмеген барлық кәсіпорындарды қамтиды. Жекешелендіру барысында халыққа жекешелендіру инвестициялық купондарын кәсіпорындардың акцияларын сатып алатын инвестициялық жекешелендіру қорларының акциясына айырбастау жолымен меншік құқығын алуына мүмкіндік беріледі. Қолданылып жүрген тетікке жекешелендіру инвестициялық купондары сатылатындығына мемлекеттік кепілдік тетіктерін жасауды қамтамасыз ететін дәлдей түсулер енгізілуі көзделеді.

Үшінші бағыт монополист болып табылатын (әлемдік рынокта монополист болып табылатын экспорттық кәсіпорындарды қоспағанда) және ерекше халық шаруашылық маңызы бар ірі кәсіпорындарды қамтиды. Жеке жобаларды өткізу инвесторға уағдаласқан шарттар (тендер) негізінде сату, кәсіпорындарды басқаруға контракт жасасу немесе олардың акцияларын ашық түрде сату арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте отандық инвесторлар үшін басымдылық сақталады және шетелдік инвесторлардың мүддесін қорғайтын айқын құқықтық негіз жасалады.

Төртінші бағыт ауыл шаруашылығы өнімін ұқсатумен және ауыл шаруашылығына қызмет көрсетумен шұғылданатын кәсіпорындар тобын қамтиды. Агроөнеркәсіп кешенінің кәсіпорындарын жекешелендіру мүлктік және жер үлесін міндетті түрде бөліп бере отырып жүзеге асырылады. Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын азаматтардың жеке меншігіне сатуға, ұжымшарлар мүлкінің бір бөлігін директорлардың меншігіне беруге ұқсат етіледі.

Бұған қоса, Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасы жекелеген сәттері бойынша, атап айтқанда, жекешелендірілген кәсіпорындар акцияларының тиісті үлестері арқылы еңбек ұжымдарының мүдделілігін күшейтуге қатысты сәттері айқындала түсетін болады.

Осыған орай, Үкімет мемлекет бақылау жасайтын объектілерде мемлекет меншігінің үлесін қазіргі белгіленген 51 проценттен 31 процентке дейін кемітуді көздеп отыр. Бұл ретте еңбек ұжымдары мен отандық кәсіпкерлерге сатып алуда басымдылық берілетін болады.

Мемлекеттік меншікті басқару функциясы және оны жекешелендіру функциясы бөлек органдар мен олардың құрылымдары тарапынан жүзеге асырылады.

Кәсіпорындарды біріктіру идеологиясы нақтыланады: қазіргі уақытта болып

отырғандай, холдингтер мен Ұлттық акционерлік компаниялардың ғана емес, бірлестіктер (ассоциациялар, концерндер, корпорациялар және т.б.) еріктілігін, бәсекелестігін күшейту, сондай-ақ басқа да нысандарын кеңінен қолдану көзделуде.

Негізгі қорлардың құндық және ақшалай көрсеткіштері мен олардың тозуын теңбе-тең есептеу мақсатында жарғылық және негізгі қорларды алдын-ала қайта бағамдай отырып, инфляцияға ұшырамаған есепті ақшалай бірлікті енгізу назарда ұсталынады.

8.2.2. Үкіметтік іс-қимылы. Аукциондық-купондық сауда-саттыққа жағдай жасау және жекешелендіру инвестициялық купондары сатылатындығына мемлекеттік кепілдік тетіктерін енгізу үшін Үкімет 1994 жылғы қараша айында "Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған (II кезең) Ұлттық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1135 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізетін болады.

1994 жылғы қыркүйекте Үкімет шағын жекешелендіру шегінде шетел алармандары қатысатын мемлекеттік меншік объектілерін сату жөніндегі мамандандырылған аукциондар ұйымдастыру туралы шешім қабылдайды.

Толыққанды және тиімді инвестициялық жекешелендіру қорларының ұтымды жүйесін қалыптастыруға жағдай жасалуын қамтамасыз ету үшін 1994 жылғы қарашада Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің инвестициялық жекешелендіру қорларын қосу мен ірілендіру ережелері және олардың қызметінің тиімділігін арттырудың тетігі туралы қаулысы қабылдамақ.

1994 жылғы қазанда кәсіпорындар мен ұйымдардың жарғылық және негізгі қорларын қайта бағамдау, сондай-ақ құндық көрсеткіштер өлшемінің есепті бірлігін енгізу жөнінде Президент Жарлығының жобасы бекітілуге енгізіледі және Министрлер Кабинетінің қаулысы қабылданады.

1994 жылғы қазанда Үкімет өндірістік инфрақұрылым салаларының кәсіпорындарына - телекоммуникацияға, темір жол көлігі мен энергетикаға шетел инвестицияларын тарту үшін қажетті жағдайлар жасалуын қамтамасыз ететін шешімдер қабылдайды. Бұл кәсіпорындарды жекешелендіру және жеке жобалар бойынша, олардың акцияларының 45 процентке дейінін шетел инвесторларына халықаралық тендерлерде сату арқылы жүзеге асырылады.

Мұндай көзқарас көптеген проблемаларды шешуге ықпал ететін болады. Энергетикадағы шетелдік инвестициялар кәсіпорындарды техникалық жағынан қайта жарақтандырумен және көмір өндірудің мөлшерін ұлғайтумен бірге кәсіпорындардың тұрақты жұмыс істеуі мен аймақтардағы халықтың еңбекке неғұрлым толық қамтылуын қамтамасыз етпек. Теміржол көлігінде ескірген жылжымалы құрамның жаңартылуы жүзеге асырылады. Бұл өз кезегінде

жолаушылар мен жүк тасымалы тарифтерінің төмендеуіне, сол тасымалдың көлемін арттыруға қол жеткізбек. Телекоммуникация саласына шетелдік инвестицияларды тартпайынша банк жүйесін жетілдіруді ойдағыдай іске асыру м ү м к і н е м е с .

Үкімет, ең алдымен, Ресеймен ұлтаралық компанияларды құру жөніндегі жұмысты жалғастыра береді.

1994 жылғы қарашада Үкімет Қазақстан Республикасының Президентіне жекешелендірудің инвестициялық купондарының құнын төмендетпеуге мемлекеттік кепілдіктің тетігін жасауды көздейтін ұсыныс әзірлейтін болады.

1994 жылғы желтоқсанда Үкімет оларды қаржылық-өнеркәсіптік топтарға айналдыруды назарда ұстап, ұлттық акционерлік, мемлекеттік акционерлік және холдингілік компанияларды монополиясыздандыру мен дамыту жөніндегі шаралар туралы шешім қабылдамақ.

Жекешелендірудің жоғарыда келтірілген барлық бағыттары бойынша заңдылық негізін жетілдіру шеңберінде Үкімет Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне 1994 жылғы қыркүйекте "Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру", "Шаруашылық серіктестіктер, акционерлік қоғамдар және компаниялар туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының жаңа редакцияларын ұсынбақ.

8.3. Салық ауыртпалығын азайту

8.3.1. Ой-ниет. Қазіргі салық жүйесінің экономикалық жағдайды сауықтыруға ықпалы мардымсыз екенін ескере келіп, республика Үкіметі бұл бағытта реформа жүргізуді көздейді. Оның мақсаты - салықтардың ынталандыру рөлін көтеру арқылы өндірушілер мен кәсіпкерлердің экономиканы өрге бастыруды және қаржы жүйесін сауықтыруды қамтамасыз етудегі іскерлік белсенділігі мен жауапкершілігін арттыру және қатаң бақылау қою мен салық төлеушілердің жауапкершілігін арттыру.

Салық салудың бүкіл жүйесін қамтитын және оны қамтамасыз етудің әкімшілік жүйесі мен жауапкершілік шараларын көздейтін Салық кодексі әзірленбек.

Салық кодексі өзгерістерді ескере отырып, барлық салық заңдарын біріктіреді, сөйтіп Қазақстанның бүкіл аумағында салық ережелерінің бірдей қолданылуын қамтамасыз етеді және әртүрлі заңдар арасындағы барлық қайшылықтарды жояды. Салықтық емес барлық заңдарда келтірілген салық ережелерінен арылу қажет.

Салық базасының негізі заңды ұйымдар мен жеке адамдардың табысына салынатын салықтардан (пайдаға салынатын салық, табыс салығы, қосымша құн салығы және акциз, т.б.) құралады.

Аталған салықтардың өміршендігін және олардың бюджетке

аударылымының негізгі көзі ретіндегі маңызын ескере отырып, есептеу тәртібін жетілдіру мен олардың қолданылу тетігін оңайлату көзделеді. Занды түрде роялти және бонус үлгісіндегі ренталық төлемдердің рөлін едәуір арттыру ұйғарылуда.

Салық жүйесін оңайлату, оған ынталандырушы сипат беру меншік нысанына, сала мен шаруашылық жүргізуші субъектілерге ешбір байланыссыз кезең-кезеңмен пайдаға салынатын салық пен қосымша құнға салық бойынша бір ставка белгілеуді талап етеді.

Осы мақсатпен салалық, сондай-ақ уақытша сипаттағы да салықтар бойынша берілетін жеңілдіктер саны мейлінше азайтылмақ.

Сайып келгенде, заңды ұйымдардың табысынан алынатын салықтардың жиынтық сомасы кәсіпорын пайдасының 40-45 процентінен аспауын және өндіріс көлемінің өсуіне бөгет болмауын қамтамасыз ету қажет.

Жеке адамдардан табыс салығын алу жүйесі оңайлатылатын болады. Табыс салықтарының ставкалары ілгерілігімен қала береді, бірақ іскерлік белсенділікке деген ынтаны бәсеңдетпеу үшін ең жоғарғы ставкасы 40 проценттен аспайтын болады. Табысы төмен деңгейдегі жеке адамдарды әлеуметтік жағынан қорғау мақсатымен салық ставкаларының ілгерілігі неғұрлым ырғақты болуға тиіс.

Пайдаға салынатын салық төлеушілер үшін меншік нысанына қарамастан жұмсалған шығындарды өнімнің өзіндік құнына жатқызатын қазіргі жүйені қайта қарай отырып, салық салынатын пайданы есептеудің бірыңғай әдістемесін белгілеу ұйғарылып отыр.

Акциздерге келетін болсақ, мұнда акциздерге жататын тауарлардың тізбесін кеңейту көзделді.

Қазақстанда өндірілген тауарлар бойынша акциздер төлеуден жалтаруды болғызбау мақсатында акциздер тауар өндірушілерден акциздерге жататын тауарларды өткізген кезде алынады, ал мемлекеттен тысқары жерден импортталған тауарлар бойынша - кедендік ресімдеу кезінде алынады.

Шаруашылық жүргізуде тең емес жағдайларға жол бермеу мақсатында импортталатын тауарлар бойынша акциздердің ставкалары Қазақстан тауар өндірушілерінің осы тектес тауарларына акциздердің ставкалары мөлшерінен төмен белгіленбейді.

Жер салығын, жеке адамдардың мүлкіне салықты, тіркелген (ренталық) төлемдерді есептеудің тәртібін айқындай түсу көзделуде.

Меншік нысаны мен шаруашылық жүргізу нысанына қарамастан, кәсіпорындардың барлық түрлері үшін бұл кезеңде тоқсан сайынғы есеп беру орнына бірыңғай жылдық қаржылық есеп беру енгізілетін болады.

Білікті салық мамандарын даярлау жөніндегі жұмыс, салық жүйесін

компьютерлендіру ісі жүргізілмек.

Әрбір салық төлеушілерге салық төлеп отыратын теңестіру нөмірі берілмек.

8.3.2. Үкіметтің іс-қимылы. Заңды ұйымдар мен жеке адамдардан алынатын барлық алымдар мен салықтарды қайта құру үшін 1994 жылғы қарашада Үкімет жаңа Салық кодексінің жобасын Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне ұсынатын болады.

Салық ауыртпалығын азайту үшін бірқатар нысаналы қорларды жою керек.

1994 жылғы маусым айында "1994 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы енгізілмек. Онда жеке адамдардың табысына салық салудың жоғарғы шегін анықтай түсу көзделеді.

Қосылған құнға салық, акциз, жер салығын, жеке адамдардың мүлкіне салық, тіркелген (ренталық) төлемдерді алу (есептеу) тәртібін анықтай түсу үшін "Қосылған құнға салық туралы", "Акциздер туралы", "Жеке тұлғалардың мүлкіне салық туралы", "Жер салығы туралы", "Тіркелген (ренталық) төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңдардың жобалары енгізілетін болады.

1994 жылғы қыркүйекте "Кәсіпорындардың пайдасы мен табысына салық салу туралы", "Жеке адамдардан алынатын табыс салығы туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының жобалары енгізілмек.

1994 жылғы қарашада салықтық емес барлық заң актілерінен салық ережелерін алып тастау үшін кейбір заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы заңдардың жобалары енгізілетін болады.

Салық қызметінің материалдық базасын нығайту үшін 1994 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің тиісті қаулысы қабылданады.

Салық төлемегені үшін жауапкершілікті қатайту мақсатымен 1994 жылғы желтоқсанда "Қазақ ССР Қылмыстық кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылатын болады.

8.4. Еңбекке ақы төлеуді реформалау және оның ынталандырушы рөлін арттыру

8.4.1. Ой-ниет. Еңбекке ақы төлеудің қазіргі жүйесін жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізілмек. Бірыңғай тарифтік кестені жетілдіру және мамандықтардың бірыңғай жалпы республикалық жіктемесін енгізу ұйғарылып отыр.

Мемлекет өзінің азаматтарына заңдарда ең төменгі әлеуметтік нормативтер ретінде белгіленетін тұтынудың төменгі мөлшеріне кепілдік береді.

Еңбекке ақы төлеу жүйесін реформалаудың негізіне: мемлекеттік қызметшілерге еңбек ақы төлеудің тұжырымдамасын жетілдіру; еңбекке материалдық ынталандыру тұжырымдамасын әзірлеуді; меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындар басшыларына ақы төлеу

мөлшерінің орташа жалақы мөлшеріне байланыстылығын бірте-бірте алып т а с т а у ы ;

инфляцияның деңгейі 4-6 процентке жеткен кезде еңбек тұтыну қоры бойынша шектеулердің алынуын жатқызу назарда ұсталынады.

8.4.2. Үкіметтің іс-қимылы. Экономикалық жағдайға қарай ең төменгі жалақының мөлшері қайта қаралады.

Осы қағиданы іске асыру "Ең төменгі жалақының мөлшері туралы" Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулысының жобасын әзірлеуді талап етеді.

1994 жылдың желтоқсанында бірыңғай тарифтік кестені жетілдіру және 1995 жылы мамандықтардың бірыңғай жалпы республикалық жіктемесін енгізу ұ й ғ а р ы л ы п о т ы р .

Мемлекеттік қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру үшін мемлекеттік қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу тұжырымдамасы әзірленбек.

Инфляцияның деңгейі айына 4-5 процентке қысқарған жағдайда Үкімет "Тұтынуға жұмсалатын қаражатты мемлекеттік реттеу туралы" 1994 жылғы 8 ақпандағы N 148 қаулысын доғаратын болады.

IX. Кәсіпкерлікті дамыту

9.1. Ой-ниет. Өркениетті кәсіпкерліктің қалыптасуы мен оны дамытудағы ынталандыратын құқықтық, қаржылық-экономикалық, ұйымдастырушылық жағдайлардың шешуші рөл атқаруына орай Үкімет бұл салада Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1994-1995 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шаралар жиынтығын жүзеге а с ы р у д ы ж о с п а р л а п о т ы р .

Осы Бағдарламаның басты мақсаты ретінде Үкімет республика экономикасында нақтылы бәсекелестік ортаның пайда болуын қамтамасыз ететін экономиканың күшті жеке секторын, жеке кәсіпкерліктің (әсіресе шығынының) дамыған инфрақұрылымы қалыптастыру үшін қажетті жағдай туғызуды көздейді . Мұның өзі Қазақстанда кемінде 150 мың жаңа кәсіпкерлік субъектілерін құруды т а л а п е т е д і .

Үкімет дүние жүзіндегі дамыған елдердің тәжірибесін қорытудан және республикада қалыптасып отырған экономикалық ахуалдан туындайтын төмендегі негізгі міндеттерді шешетін болады.

Жеке меншікке қол сұғылмауын, қорғалуын және кәсіпкерлік қызметтің еркіндігін қамтамасыз етуге бағытталған кәсіпкерліктің заңдылық-нормативтік базасын жетілдіру жөнінде шаралар қолданылмақ.

Сондай-ақ нарықтық инфрақұрылымның тиімді буындарын қалыптастыру мен дамытуды жандандыру ұйғарылуда. Бұл жерде Үкімет, бірінші кезекте, шағын бизнестің аймақтық орталықтарының қаракет жасау тетіктерін құру мен жетілдіруге жәрдемдесуді көздейді.

Үкімет кәсіпкерлік кадрларын даярлау мен қайта даярлау мәселелерінде мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың жұмысын неғұрлым дәйектілікпен ұйымдастырып, үйлестіреді.

Мемлекет тарапынан жеке кәсіпкерлікті қаржылық, өндірістік-технологиялық қолдау жөніндегі тетіктерді жасау көзделеді. Бұл ретте бірінші кезекте, кредит ресурстарына, пайдаланылмайтын өндірістік орын-жайларға, жабдықтарға және басқаларына еркін бару ұйғарылып отыр.

Кәсіпкерлердің сыртқы экономикалық қызметін қолдау жөнінде, кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуына шетелдік инвестицияларды тарту үшін қажетті жағдай туғызу жөнінде, кәсіпкерлердің шетелдік әріптестермен іскерлік байланыстарын ұйымдастыру жөнінде, сыртқы экономикалық қызметтің субъектілеріне тең мүмкіндіктер беру жөнінде шаралар белгіленіп, жүзеге асырылмақ.

Ең ақырында жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау органдарын жетілдіру және олардың кәсіпкерлік одақтармен, бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасауы көзделінеді.

Жеке кәсіпкерлікті қалыптастыру мен дамытуды мемлекеттік қолдаудың аталған бағыттары Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1994-1996 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында тұжырымдалған.

9.2. Үкіметтің іс-қимылы. Осы мақсатты іске асыру жөніндегі Үкіметтің іс-қимылы Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 10 маусымдағы N 1727 қаулысымен бекітілген Кәсіпкерлікті қолдау

мен дамытудың 1994-1996 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасына байланысты шаралар мен тапсырмалар жоспарында нақтыландырылатын болады.

Х. Сыртқы экономикалық қызмет

10.1. Ой-ниет. Сыртқы экономикалық қызметті одан әрі ырықтандыру Үкіметтің 1994-1995 жылдардағы экономикалық саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Осыған орай кедендік бақылау мен кедендік тарифтер жүйесін жетілдіру, оны халықаралық заңдармен (ГАТТ) үндестіру; мемлекеттік маңызы бар экспорттық және импорттық өнімдерге мемлекеттік монополияны дәйекті түрде қысқарту; экспорт-импорт тарифтерін төлеу жөніндегі және валюталық түсімді міндетті түрде сату жөніндегі жеңілдіктер беру практикасын толық тоқтату жоспарланып отыр.

Үкімет есеп беру құжаттарын, экспорт-импорт квоталары мен лицензияларының мөлшерін, кедендік және банктердің валюталық операциялары туралы ақпаратты пайдаланып, валюталық бақылаудың автоматтандырылған жүйесін құру негізінде валюталық түсімдер мен төлемдерге қатаң есеп жүргізуді

м а ң ы з д ы і с д е п с а н а й д ы .

Қазақстан экономикасында құрылымдық өзгерістерді жүзеге асыруда шетел инвестицияларына үлкен рөл жүктеледі. Тартылған шетел капиталын экономикалық құрылымдық қайта құру процесіне және өндірісті техникалық жағынан қайта жарақтауды жеделдету процесіне қосылуға тиіс, республиканың экспорттық мүмкіндігінің артуына жәрдемдесу және Қазақстан тауарларының сыртқы рынокта өтуіне шығуын жеңілдетуге тиіс. Осыған байланысты Үкімет шетел инвесторларының қатысуымен инвестициялық жобаларына сараптама мен іріктеу жүргізу тәртібін қатаң сақтауды, Үкімет кепілдіктерін рәсімдеу процедураларын анық регламенттеуді; кредит алуға Үкімет кепілдіктерін тек ақша қаражаттарының кепілдігімен немесе соңғы займшының өзге мүлкімен қамтамасыз етілгендерге ғана беруді; шетел инвесторларына кепілдікті қамтамасыз етудің нақты және тиімді тетігін жасауды, экономикалық және саяси тәуекелді сақтандыруды қарастырып отыр.

Үкімет ұлтаралық (мемлекетаралық) қаржы-өнеркәсіп топтарының, бірлескен кәсіпорындардың, қаржы-кредит жүйесі мен коммерциялық ұйымдардың қалыптасу процесін қолдау және инвестициялық салада ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу ниетінде. Үшінші дүние елдеріне қатысты стратегияда ТМД елдерімен ұстанатын бірыңғай бағыт жалғаса бермек.

Үкімет төлем балансын нығайту жөнінде шаралар қабылдайды. Сауда балансының тапшылығы бәрінен бұрын сыртқы сауданы одан әрі ырықтандыру, отандық өнімдердің экспортқа шығарылуын ынталандыру жүйесін жасау және экспорт пен импорттың тиімді құрылымына жету есебінен қысқартылатын болады.

10.2. Үкіметтің іс-қимылы. Займдарды тарту мен пайдалануды тәртіпке келтіру мақсатында Үкімет 1994 жылғы шілдеде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне "Қазақстан Республикасындағы шетел инвестициялары туралы" Заң жобасын ұсынады.

Үкімет 1994 жылғы шілдеде таяу және алыс шет елдермен өзара қарым-қатынасты регламенттейтін "Сыртқы экономикалық қызметтің негіздері туралы" Заң жобасын әзірлейді.

Үкімет бұрынғысынша ТМД елдерімен, бәрінен бұрын Россиямен және Орта Азия мемлекеттерімен шаруашылық байланыстарын біріктіру мен нығайту саясатын жүргізе береді. Өзбекстанмен және Қырғызстанмен біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы және Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының экономикалық ынтымақтастығын және бірігуін одан әрі тереңдету туралы және басқа да жасалған шарттарды дәйекті түрде жүзеге асыру үшін шаралар қабылданатын болады, сондай-ақ экономикалық одақ туралы шартты жүзеге асыру шеңберінде ТМД елдерінің халықаралық экономикалық

комитетін құруға да күш-жігер жұмсалатын болады.

Үкімет бәсекелестік принциптері мен өнімге еркін келісімді баға қою негізінде бұл елдермен тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастық үшін қажетті құқылық, экономикалық және ұйымдық жағдайлар жасауға күш-жігерін шоғырландыруды көздейді.

XI. Аймақтық саясат

11.1. Ой-ниет. Мемлекеттің аймақтық саясаты олардың әлеуетін неғұрлым толық ашу мақсатында аймақтардың әр тектеріне әртүрлі көзқарасты парасатты үйлестірумен құрылатын болады.

Негізінен индустриялық бағыттағы (Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстары, Алматы қаласы) елеулі ғылыми-техникалық әлеуеті бар аймақтарда басты күш шапшаң жекешелендіруге, нарықтық құрылымдарды, бірлескен кәсіпорындарды жедел құруға, шетел инвестициялары үшін жағдай туғызуға, инновациялық қызметті дамытуға жұмсалуы тиіс.

Жоғары Экспорттық әлеуеті бар шикізат аймақтары (Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Жезқазған, Жамбыл, Қостанай облыстары) шикізат ресурстарын тиімді және кешенді игеру, әлемдік рынокқа шығу мақсатында негізгі назарды шетел капиталы мен технологияларының тартылуына аударуға тиіс. Шикізат салаларының қызметіне алынған қаражат аймақтағы өндірісті құрылымдық жағынан қайта құру, инфрақұрылым мен әлеуметтік кешенді дамыту мақсатында пайдаланылатын болады.

Еңбекпен қамтылмаған адамдары көп Оңтүстік Қазақстан аймақтарында қалалық жерде де, селолық жерде де ұсақ тауарлы өндірісті дамытуға ден қою ұсынылады. Мұның өзі еңбекпен қамту проблемасына септігін тигізбек. Еңбекті көп қажет ететін өндірістерді дамытумен және жаңа жұмыс орындарын құрумен байланысты жобаларды іске асырушы кәсіпорындар үшін белгілі бір жеңілдіктер көзделуге тиіс.

Конверсиялауға жататын қорғаныстық өндірістердің үлкен үлесі бар аймақтар үшін (Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Алматы облыстары) жеделдетілген құрылымдық қайта құру, мемлекеттің қолдауы жағдайында оларды азаматтық қажеттерге қайта бейімдеу өзекті міндет болып табылады.

Аймақтық саясатты жүзеге асыру аумақтық дамудың басымдылығын бейнелейтін аймақтық индикативті жоспарлар арқылы, олардың әлеуметтік-экономикалық міндеттерін шешу, экономиканы мемлекет тарапынан реттеу шараларын жергілікті органдардың шаруашылық бастамашылығымен оңтайлы ұштастыру арқылы қамтамасыз етілетін болады.

11.2. Үкіметтің іс-қимылы. Үкімет 1994 жылдың аяғына дейін аймақтарды дамытудың тұтастырылған бағдарламасын әзірлейді.

XII. Әлеуметтік саясат

12.1. Ой-ниет. Қазіргі уақытта Үкіметтің әлеуметтік саясатының негізгі мақсаты халықтың тұрмыс деңгейін өмір сүрудің ең аз деген мөлшерінен төмендетуге жол бермеу болып табылады.

Мемлекеттік әлеуметтік саясат әлеуметтік қорғау жүйесі мен әлеуметтік жәрдем жүйесінен құралады. Мемлекет заң шығару мен атқарудың толық билігіне, қаржылық құқықтар мен мүмкіндіктерге ие бола отырып, азаматтардың өмір сүрудің ең төменгі мөлшерінен кем болмайтын табыс келтіруі үшін жағдайдың бәрін туғызуға және халықтың неғұрлым кіріптар топтарына қолдау жасауға кепілдік беруге тиіс.

Бюджеттің мүмкіндігі негізінде ең төменгі жалақы мен ең төменгі зейнетақы белгілеудің қазіргі принципі физиологиялық нормалардың өзіне сәйкес келмейді. Осыған орай келешекте ғылыми негізделген әлеуметтік-экономикалық нормалар мен нормативтерге қарай ең төменгі тұтыну бюджетін әзірлеп бекіту көзделуде.

Осылай алынған ең төменгі тұтыну бюджеті бюджеттің өсіп келе жатқан мүмкіндігін ескере отырып, ең төменгі жалақы, ең төменгі зейнетақы, оқу ақысының, жәрдемақылар мен басқа да әлеуметтік төлемдердің мөлшерін белгілеу үшін негіз болуға тиіс. Ол сонымен бір мезгілде мемлекет тарапынан халыққа әлеуметтік жағынан қолдау көрсету үшін өлшем де бола алады. Бұл принцип үшінші кезеңнен бастап Үкімет жүргізетін саясаттың өзегіне айналуға тиіс.

Зейнетақы төлеу жөніндегі кешеуілдету фактілеріне жол бермеу, зейнетақымен қамтамасыз етудің үш сатылы жүйесін жүзеге асырудың негізі ретінде Зейнетақы қорының тұрақты қаржылық жайын қамтамасыз ету және оның басшылығының жауапкершілігін күшейту мақсатында оның бюджеттен тыс мәртебесін қалпына келтіру жөніндегі шаралар қолданылатын болады.

Әлеуметтік саясат саласында мемлекеттің негізгі назары халықтың әлеуметтік жағынан қорғаусыз қалған топтарына, азаматтардың еңбекке жарамсыз бөлігіне аударылуға тиіс.

Халықты әлеуметтік жағынан қолдау мәселелерінде жоғары дәрежелі аталымды әлеуметтік қорғау, әлеуметтік жеңілдіктердің атаулы болуы шараларына көшу жүзеге асырылатын болады. Қажетті әлеуметтік жәрдем жөнінде объективті себептермен өзін және өзінің отбасын тиісті ең төменгі өмір сүру деңгейінде қамтамасыз ете алмайтындарға ғана кепілдік берілуге тиіс.

Мұқтаж азаматтарға (тұтас отбасына немесе отбасының еңбекке жарамсыз әрбір мүшесіне жеке), табыстарын және материалдық-тұрмыстық жағдайларын алдын-ала тексергеннен кейін, егер олардың әлеуметтік-экономикалық ахуалы азаматтарды әлеуметтік мұқтаждар санатына жатқызудың негізгі өлшемдеріне сәйкес келген жағдайда, әлеуметтік жәрдем алуға құқық берілетін болады.

Әлеуметтік жәрдем отбасының жиынтық табысын орташа жан басына

шаққандағы есептеулі негізінде оны өмір сүрудің ең төменгі деңгейіне жеткізу
мақсатында беріледі.

Мемлекеттің қаржылық жағдайының нығаюына қарай халыққа әлеуметтік
жәрдем мынадай ретте:

белгіленген ең төменгі деңгейден табысы аз отбасыларына ақшалай көмек;
отбасының нақтылы мұқтажына (киім, үй заттарын, отын, дәрі, тіс емдеу
бұйымдарын және т.б. сатып алуға) жұмсалатын нысаналы жәрдемақы;
коммуналдық қызмет көрсету үшін төлемді қосқанда, тұрғын үйге төлеуге
арналған жәрдемақы;

көлік қызметіне (қоғамдық көлікте жүргені үшін, жанармай үшін, емделуге
барып-қайтқаны үшін және т.б.) және рәсімдік қызмет көрсетуге төлеу үшін
жәрдемақы ретінде көрініс таба алады.

Әлеуметтік жәрдемнің аталған түрлерін енгізу мен төлеуді аймақтық деңгейге
ауыстыру қажет. Бұл бір жағынан республикалық бюджеттің мүмкіндігіне және
жергілікті жағдайларға қарай табыстардың ең төменгі деңгейін есептеудің
тиімділігіне байланысты.

Халықтың еңбекке қабілетті бөлігіне арналған әлеуметтік саясат еңбекке ақы
төлеу жүйесін реформалау жолымен табыстарды қолдау жүйесін жасауға, жеке
еңбек үлесі, меншік нысанына қарамастан экономикалық тапқырлығы мен
бастамашылығы есебінен неғұрлым жоғары жалақы алу үшін жағдайлар
туғызуға, халықты барынша жұмыспен қамтамасыз етуге, жұмыссыздықтың
жоғары деңгейіндегі аймақтарда қоғамдық жұмыстардың пайдаланылуын
кеңейтуге бағытталатын болады.

Еңбекке ақы төлеу саласындағы негізгі міндет оның жүйесін реформалауды
аяқтау болып табылады, ол мыналарды:

еңбекке ақы төлеудің ең төменгі деңгейіне мемлекет кепілдігін;
еңбекке ақы төлеудің жоғары деңгейі бойынша шектеулердің болмауын;
ұжымдық шарттар мен тарифтік келісімдер арқылы жұмысшылар мен
қызметшілер, жұмыс берушілер мен кәсіподақтар арасындағы еңбекке ақы төлеу
деңгейін реттеудің шарттық принципін қамтамасыз етуге тиіс.

Бұған қоса еңбекке ақы төлеу жүйесін реформалауда:
мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу тұжырымдамасы;
тауар нарығында өндірушінің монополиялық жағдайы есебінен үстеме пайда
алуына тыйым салуға қатысты монополияға қарсы заңдардың рөлі мен
қолданылуын күшейту негізге алынуға тиіс.

Еңбекке қамтылмаған адамдар жөніндегі Үкіметтің әлеуметтік саясаты
халықтың еңбекке қабілетті топтарын шаруашылық қызметіне тарту үшін
құқықтық және экономикалық жағдайларды жасау мен жетілдіруге бағытталатын
болады. Ең алдымен, зиян шегуші кәсіпорындар мен өндірістердің жойылуы,

банкротқа ұшырауы салдарынан кадрлардың жаппай жұмыстан босатылу процесін, оларды жұмысқа орналастыру мәселелерін ерекше бақылауға алу, жастарға кәсіптік білім беру жүйесін халық шаруашылығының қажетіне сәйкес келтіру көзделді.

Әлеуметтік қамсыздандырудың қазіргі жүйесін жетілдіру, міндетті және ерікті зейнеттік қамсыздандыру жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады.

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің негізгі принциптері ауырған кезде, медициналық қызмет көрсету қажет болғанда, бақытсыздыққа ұшырағанда, жұмыссыз қалғанда және т.б. жағдайда қоғамның әрбір мүшесін экономикалық жағынан қорғауды қамтамасыз етуге саяды. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру қамсыздандырудың атаулы болуын көздейді.

Зейнетақымен қамтамасыз етудің үшсатылы жүйесін құруға бағыт ұсталынып отыр. Бірінші сатыда - мемлекет кепілдік беретін ең төменгі зейнетақылар, екіншісінде - міндетті зейнетақылық қамсыздандыру бойынша берілетін зейнетақылар, үшіншісінде - ерікті зейнетақы қорлары есебінен берілетін зейнетақылар болып келеді.

Әлеуметтік салада әлеуметтік-мәдени және тұрмыс мақсатындағы мекемелердің қалыптасқан жүйесін қолдау мен сақтау жөнінде кезек күттірмейтін шараларды қолдану көзделеді. Ең алдымен, медицинаға, оның ана мен баланы қорғау, туберкулезбен күрес сияқты басымды салаларына көмек көрсету, денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру мен реформалау; базалық білім беру мен мәдениет объектілеріне көмек, атап айтқанда, медицина және педагогика кадрларының әлеуметтік мәртебесі мен олардың жалақысының деңгейі мәселелерін шешуге көмек көрсетілетін болады. Сақтандыру медицинасын енгізудің уақыты жетті. Бұл үшін тиісті нормативтік база жасау және оны қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу қажет.

Денсаулық сақтау реформасы, бір жағынан, мемлекеттік мекемелерде медициналық көмектің тегін көрсетілуі кепілдігін сақтап қалуды, екінші жағынан, қазіргі әлеуметтік жүйені қайта құруды, медициналық білім беруді реформалауды, денсаулық сақтау қызметкерлерін әлеуметтік жағынан қорғауды, сақтандыру мен ақылы медицинаны, студенттерді мемлекет тарапынан қолдауды енгізуді көздеп отыр.

12.2. Үкіметтің іс-қимылы. Үкімет 1994 жылғы жылдың желтоқсан айында жаңа ең төменгі тұтыну бюджетін әзірлеп, бекітуге кіріседі. Бұл жұмыс Ең төменгі тұтыну бюджеті туралы Заңның жаңа редакциясы түрінде немесе қазіргі кезде күші 1997 жылдың 1 сәуіріне дейін тоқтатылған ескі Заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізу жолымен де тиянақталмақ.

Ең төменгі тұтыну бюджеті туралы Заң қабылданысымен Жоғарғы Кеңестің

тиісті заңдарға (ең төменгі жалақы туралы, азаматтарды зейнетақымен камсыздандыру туралы, халықты жұмыспен қамту туралы заңдарға) толықтырулар мен өзгертулер әзірлеп, бекіту қажет.

Ең төменгі тұтыну бюджетін мемлекеттік әлеуметтік қолдауға мұқтаж адамдарды анықтау өлшемі ретінде пайдалана отырып, Үкімет 1996 жылы әлеуметтік көмек көрсетудің тетігін әзірлейді, онда азаматтардың әлеуметтік көмек көрсету туралы арыздарын қабылдап, қарауға жауапты органдар, жан басына шаққандағы орташа кіріс есебі мен әлеуметтік көмек мөлшерін белгілеу әдістемесі айқындалып, оның басқа да қырлары қарастырылады. Бұл тетік Министрлер Кабинетінің қаулысымен бекітілетін халықтың аз қамтамасыз етілген бөлігін әлеуметтік қолдау туралы Ереже түрінде ұсынылуы тиіс.

Үкімет еңбекақы төлеу жүйесін реформалау кезінде ең төменгі еңбекақы деңгейіне, жалақы бойынша, салықтан басқа, кез келген шектеулерді алуға, жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы еңбекақы төлеудің шарттық принциптеріне кепілдік бере, бұрын қабылданған Заң уақыт талабына сай келмейтінін ескере отырып, 1995 жылы Ең төменгі жалақы туралы Заңның жаңа жобасын әзірлейді. Бұған қоса, үстіміздегі жылы оны салалық тарифтік келісімдер туралы ережелермен толықтыруға қатысты Ұжымдық шарттар туралы Заңды пысықтау көзделуде.

Жұмыспен қамтамасыз етуді басқару мемлекет көлемінде Мемлекеттік ұлттық бағдарлама негізінде жүзеге асырылатын болады, оның негізгі мазмұны жұмыспен қамту саясатын белгілеуге, оны жүзеге асырудың принциптері мен ыңғайын табуға, жұмыс орнының санын көбейтуге мемлекеттің белсенді қатысуына және халықты жұмыспен қамтуды экономикалық тиімді деңгейде ұстауға саяды. Үкімет 1994 жылғы қазан айында "Жұмыспен қамту туралы" Заңға жұмыссыздарды әлеуметтік қолдау жүйесін күшейтетін кейбір өзгерістер енгізуді көздеп отыр.

Зейнетақымен қамтамасыз етудің межелеңген жүйесін енгізу үшін Үкімет 1995 жылы Міндетті және ерікті зейнетақылық сақтандыру туралы Заңды енгізеді. Әлеуметтік сақтандыру мәселесін басқару жөнінде 1994 жылғы тамыз айында бұрынғы сайланған Жоғарғы Кеңесте алғашқы оқылымында қабылданған Әлеуметтік сақтық туралы Заң пысықталып, Парламентке енгізіледі.

Медициналық сақтандыру жүйесін енгізу үшін тиісті заңдық негіз әзірлеп, жасау, оны қалыптасуы мен дамуына байланысты мемлекеттік бағдарлама әзірлеу көзделінеді.

Елде бірыңғай мемлекеттік санитарлық қадағалауды күшейту жөнінде шаралар қолданылмақ.

ХІІІ. Экологиялық саясат

13.1. Ой-ниет. Өтпелі кезең жағдайында экологиялық саясатты әзірлеп, жүзеге асырған кезде Үкімет: мұндай саясаттың мақсаты биологиялық әрекеттілікті міндетті түрде сақтай отырып, қоғамның экологиялық және экономикалық мүдделерін ұштастыру негізінде адам үшін қолайлы тіршілік ету ортасын қалыптастыру мен ұстау болып табылатынын негізге алады.

Бұл мақсатқа жету үшін Үкімет мынадай міндеттерді:

табиғатты қорғау мен табиғатты пайдалануды басқару мәселелерін реттейтін табиғатты қорғау заңдарының жүйесін жасау;

аумақтық нормалау принциптеріне негізделген табиғатты пайдалануды басқарудың жүйесін жасау мен енгізу;

бақылаушы органдардың құрылымына тиісті өзгерістер енгізе отырып, экологиялық бақылаудың бірыңғай жүйесін іске қосу міндеттерін шешуді көздейді.

13.2. Үкіметтің іс-қимылы. Мемлекеттік экологиялық саясат міндеттерін орындау мақсатында Үкімет:

1994 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына "Қазақстан Республикасындағы экологиялық сараптама туралы", "Арнаулы табиғат пайдаланысы үшін төлемдер туралы", "Қазақстан Республикасының мемлекеттік табиғи-қорықтық қорының қорғалатын аумақтары мен объектілері туралы", "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақ ССР Кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" заңдар жобаларын, "Қазақстан Республикасындағы қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы" Заңның жаңа редакциясын ұсыну;

1995 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына "Қазақстан Республикасының таза ауасы туралы", "Ауыз сумен қамтамасыз ететін бастауларды қорғау туралы", "Жеке орман шаруашылығы туралы" заң жобаларын ұсыну;

1994-1995 жылдары аумақтық экологиялық нормалау принциптеріне негізделген табиғатты пайдаланудың басқару жүйесін негіздеудің нормативтік-құқылық құжаттарының пакетін әзірлеу;

1995 жылы Қазақстан Республикасының аумағын экологиялық аудандастыруды жүргізу, Республика аумақтарының шын мәніндегі экологиялық жәй-күйін талдауды және оған баға беруді жүзеге асыру;

1994 жылы табиғатты тиімді пайдаланудың 2010 жылға дейінгі Ұлттық бағдарламасын, 1994-2010 жылдар кезеңіне арналған "Қазақстан орманы" Ұлттық бағдарламасын, Қазақстанның жүйелі, кең ауқымды экологиялық және табиғи-ресурстық мониторингін құрудың республикалық нысаналы Ғылыми-техникалық бағдарламасын орындаудың басталуын бекітіп, ұйымдастыру;

1994 жылы атмосфера ауасына, жер және су ресурстарына мемлекеттік

басқару мен экологиялық бақылау қызметтерін Экобиоресурсминіне беру есебінен мемлекеттік басқару мен экологиялық басқарудың бірыңғай қызметін құру ниетінде.

XIV. Тұрғын үй нарығының қалыптасуы мен дамуы

14.1. Ой-ниет. Қабылданған жаңа тұрғын үй саясаты халықтың басым көпшілігінің тұрғын үй сатып алуға қаржы табу практикасына, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты демеуақысыз қызмет істеуге біртіндеп көшіруге, тұрғын үй құрылысын қажетті көлемге ұлғайтуды және тұрғын үйді салу мен пайдаланудың тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін қолда бар құрылыс базасын модерлендіруге негізделген.

Мұның өзі еңбек нарығын ырықтандыруға, құрылыс кешеніне қосымша серпін беруге, халық үшін стратегиялық тауар болып табылатын тұрғын үйді айналымға қосу арқылы халықтың ақшасын матап, теңге бағамен нығайтуға мүмкіндік береді.

Тұрғын үй нарығын тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін капитал нарығын, әрі, бәсекелестікке қабілетті мердігерлік нарық құрып, тұрғын үй аясының барлық қырларына пәрменді мемлекеттік реттеу үшін жағдай туғызғанда қалыптасуы мүмкін.

Капитал нарығын қалыптастыруда басты міндет жаңадан құрылған Мамандандырылған тұрғын үй құрылысы банкіне (Тұрғынқұрылысбанкіне) жүктеледі. Бірінші кезеңде бұл банк үш қаржылық институттың: құрылыс банкінің; ипотекалық банктің; қарыз-жинақ кассасының функциясын атқарады. Тұрғын үй құрылысы банкінің екі негізгі функциясы қаржыландырудың орталықтандырылған және басқа көздерінен келетін түсімдерге, бағалы қағаздар нарығы мен ипотекалық кепілдердің қайталану нарығын дамытуға негізделеді.

Қарыз-жинақ жүйесі тұрғын үй шараларына капитал қорын жинақтауды мемлекеттік қолдау мен ынталандыру жолымен заңды ұйымдар мен жеке адамдардың сеніміне ие болуға негізделеді.

Бәсекелестік негізінде мердігерлік нарықтың қалыптасуы тұрғын үй құрылысы құнының төмендеуіне және өнімнің тұтыну сапасының артуына септігін тигізеді. Жаңадан құрылған коммерциялық құрылыс салушылар институттары жобалар мен тұрғын үй құрылысына сауда-саттықты ұйымдастыру арқылы орындалатын мердігерлік нарықты қалыптастырудың негізгі құралдары болып табылады.

Тұрғын үй қорын пайдалану мен оны ұстау аясын шығынсыз режимге көшіру бәсекелестік ортаны қалыптастыруды талап етеді. Атамалы тұрғын үй жәрдемақылары жүйесін енгізумен бір мезгілде тұрғын үй пайдалану қызметін

акционерлендіру жөнінде шешімдер қабылдау, пәтер ақы мен коммуналдық қызмет төлемдерінің деңгейін кезең-кезеңімен өсіру тұрғын үй нарығын қалыптастыру жолдарының бірі болып табылады.

14.2. Үкіметтің іс-қимылы. 1994 және 1995 жылдары тұрғын үй құрылысы процесіне қатысушылардың белсенділігін арттыру мен ауқымын кеңейту мақсатында салық жүйесін жетілдіру жөнінен қолданылып жүрген заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөнінде Жоғарғы Кеңеске ұсыныстар енгізілетін болады.

1994 жылғы қыркүйек айында ірі инвестициялық тарту үшін қолайлы жағдай туғызу мақсатында Жоғарғы Кеңестің бекітуіне жер қатынастарын жетілдіруге қатысты Жер кодексі және басқа да қолданылып жүрген Жер туралы Заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар беріледі.

Тұрғын үй саясатын жүзеге асыру және Қазақстан Республикасының аумақтарында құрылыс салуда жаңа ыңғайды табу мақсатында 1994 және 1995 жылдары Парламенттің бекітуіне жаңа заңдар әзірленеді, сондай-ақ қолданылып жүрген заң актілеріне толықтырулар және өзгертулер енгізіледі. Жаңа заңдардың негізінде 1994-1996 жылдары қала құрылысы мен тұрғын үй - азаматтық құрылыста жаңа нормативтік құжаттар әзірленетін болады. 1995 жылдың аяғына дейін жерге және елді мекендердегі басқа да жылжымайтын мүлікке иелік құқығын тіркеу жүйесі (қала құрылысының кадастры) әзірленеді.

1995 жылғы наурызға дейін жеке адамдар мен заңды ұйымдардың мүлкіне объективті түрде салық салу мақсатында жылжымайтын мүлік құнын есепке алу жүйесін енгізу үшін қажетті салық кадастрын жасау жөнінде Мемлекеттік бағдарлама әзірленеді.

Осы мерзім ішінде 1997 жылға дейін заңды құқықтарды беру немесе басқа мәмілелер жасау кезінде жаппай бағалау жүргізу мен тіркеу жүйесін енгізу мақсатында жерді және басқа да жылжымайтын мүлікті міндетті түрде бағалаудың құқықтық базасы жасалатын болады.

1994 жылдың аяғына дейін пәтер ақы мен коммуналдық қызмет төлемдері деңгейінің өсуімен бір мезгілде тұрғын үй жәрдемақысының жүйесі әзірленеді.

1995 жылдың басында тұрғын үй қорын қажетті деңгейде ұстауды қамтамасыз ету мақсатында ортақ иелік жасау жөнінде эксперименттер басталады.

Құрылыс материалдары мен тұрғын үй бөлшектерін өндіруге арналған қолдағы технологияларды модерлендіру және жаңа технологиялық желілер сатып алу жөніндегі өзін-өзі ақтайтын барлық жобалар 1994-1995 жылдары мүмкіндігінше валюталық кредит желілеріне енгізіледі немесе өзге де тәсілмен қаржыландырылатын болады.

XV. Құқық тәртібін нығайту

15.1. Ой-ниет. Құқық тәртібін нығайту жөніндегі Үкімет қызметінің негізгі бағыттары құқық бұзушылықтан сақтандыру, ең алдымен қылмыс жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою немесе оларды аластау, сондай-ақ ұйымдасқан қылмыс пен жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшейту болып т а б ы л а д ы .

Республика аумағында қылмыс туғызатын жағдайды ауыздықтау жолындағы күрес процесі азаматтық, әкімшілік, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу заңдарын , сот жүргізу мен сот құрылысы нормаларын жаңа әлеуметтік экономикалық жағдайлармен сәйкестендіруді көздейтін Заң жобаларын әзірлеумен ұ ш т а с т ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Әділет, ішкі істер, мемлекеттік қаржы бақылау, кеден және салық қызметі органдарын одан әрі реформалау, олардың сот жүйесімен, прокуратура органдарымен және ұлттық қауіпсіздік комитетімен өзара іс-қимылын нығайта б е р у к ө з д е л е д і .

Үкімет Қазақстан Республикасында 1993-1995 жылдары қылмысқа қарсы күрес пен құқық тәртібін нығайту жөніндегі шұғыл шаралардың Мемлекеттік бағдарламасында көзделген шараларды барлық министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың орындау барысына қатаң бақылау орнатып, жүргізіліп жатқан жұмысты жандандыру жөнінде шаралар қолданады.

Қылмыс жасауға итермелейтін негізгі себептер маскүнемдік пен алкоголизм, нашакорлық, құқықтық енжарлық пен әсіресе жастар арасында бейбастылықтың етек алуы; тауарлық-материалдық құндылықтар мен ақша сақтау объектілерінің техникалық әлсіз жарақталуы болып отыр. Сондықтан да бұл бағыттарды құқық бұзушылықтан сақтандыруға бағытталған нысаналы кешенді жұмыс ұ й ы м д а с т ы р ы л а д ы .

Ұйымдасқан қылмыс пен жемқорлыққа қарсы күрестің өзегі мемлекеттік қызметшілердің өз міндетін орындауға деген жауапкершілігін күшейту мен тәртіпті нығайту жөніндегі жұмыс болуға тиіс. Құқық қорғау және қаржы-кредит жүйесі мен банк құрылымдарындағы бақылау органдары тарапынан оперативтік-ізвестіру мен жалпы қадағалау қызметі кеңейтіле береді. Экономика саласындағы қылмысқа қарсы күресті күшейту қажет, мұның өзі жемқорлық негізін күйретеді.

15.2. Үкіметтің іс-қимылы. Үкімет барлық заң жобалары жөніндегі жұмысты үйлестіруді Әділет министрлігіне жүктейді. Қылмыстық кодекстің, Қылмыстық іс жүргізу кодексінің, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің жобаларын пысықтап, тиянақтау жөніндегі жұмыс басымдықпен жүргізілетін болады.

1994 жылдың соңына дейін Ұйымдасқан қылмыс пен жемқорлыққа қарсы күрес туралы, жеке тыңшылар мен күзет қызметі туралы, салық милициясы туралы заңдардың жобалары, Мемлекеттік қаржы бақылауды күшейту

мақсатында қолданылып жүрген заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Заңдардың жобалары әзірленеді.

Маскүнемдік пен алкоголизмге, нашақорлық пен есірткіқұмарлыққа қарсы күрес арнаулы үкіметтік бағдарламаларының негізінде жүргізіледі, оларды биылғы жылы әзірлеп бекіту жоспарланып отыр. Алдағы уақытта маскүнемдік пен нашақорлыққа шалдыққан адамдар үшін емдеу-сауықтыру мекемелерінің желісі құралатын болады. Есірткілерді заңсыз айналысқа салуға қарсы күрес жүргізудің халықаралық бағдарламалары шеңберінде 1995 жылдан бастап құрамында есірткі бар жабайы өсімдіктер өсетін жерлерге режимдік аумақ мәртебесі белгіленетін болады.

Кәмелетке толмағандардың арасындағы қылмыстың елеулі үлес салмағын ескере отырып, жастар мен кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде құқық қорғау органдары Білім министрлігімен және Жастар ісі, туризм және спорт министрлігімен бірлесе отырып, үкімет іс-қимылының бағдарламасын әзірлеуді қолға алды.

Азаматтардың көшедегі және қоғамдық орындарындағы жеке басы мен мүліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 1-2 жыл ішінде басқару құрылымдарын қысқарту есебінен ішкі істер органдары мен ішкі әскерлердің бекеттік-шолғыншылары және атты милиция санын кезең-кезеңімен көбейту к о з д е л і п о т ы р .

1995 жылы салық милициясын құру жөніндегі жұмыс толық аяқталып, оның практикалық қызметі үстіміздегі жылдың екінші жартысынан басталатын болады .

Темір жол және әуе көліктеріндегі жолаушылар мен жүктердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін арнайы милиция бөлімшелерін құру мүмкіндіктері қарастырылады.

XVI. Кадрлар даярлау

16.1. Ой-ниет. Реформаға кедергі жасайтын басты факторлардың қатарында туындап отырған проблемаларды шешуге бейімді тиісті білім мен кадрлардың жоқтығы айқын көріне бастады. Бұл проблема мемлекеттік органдарды да, бизнесті де және білім беру жүйесінің өзін де қамтып отыр.

Сондықтан Үкімет республикада кадрлар даярлауды негізгі бағыттарының бірі ретінде жоғары оқу орнынан кейін студенттерді шетелдің таңдаулы орталықтарында оқытуды, кәсіпорындардың, фирмалар мен компаниялар басшыларын, сондай-ақ шағын және орта бизнес саласындағы кәсіпкерлерді қайта даярлауды белгілеп отыр.

Студенттерді, кәсіпкерлер мен кәсіпорындар басшыларын іріктеу тетігіне, сондай-ақ оқуға баратындармен шарттар-міндеттемелер жасасуға баса назар а у д а р ы л а т ы н б о л а д ы .

Бұл тетіктер кадрлар даярлау мен оқыту жүйесінің кәсіптік буынында дарынды жастарды іріктеу, даярлау мен өсірудің технологиялық желісінің элементтерін қалыптастыру үшін негіз қалайтын болады.

Талантты жастарды даярлаудың технологиялық желісін қалыптастырудың тағы бір маңызды элементі талантты балаларды мектепке дейін іріктеп даярлау болуы керек. Осыған орай талантты балаларды іріктеу мен даярлаудың толымды жүйесін құруға кірісу көзделеді, мұның өзі оқытудың осы заманғы ең жетік әдістемелерін әзірлеуді, олардың эксперименттік-тәжірибелік тексерілуін және мемлекеттік білім беру жүйесіне енгізілуін қамтуға тиіс.

16.2. Үкіметтің іс-қимылы. Кадр даярлаудың таңдап алынған бағытына сәйкес Үкімет мына іс-қимылды жүзеге асырады. 1994 жылғы қазан айында Министрлер Кабинетінің "Студенттер мен аспиранттарды шет елдердің оқыту орталықтарына оқуға жіберу туралы" қаулысы қабылданады, мұнда қаржы ресурстары, шет елдерде студенттер даярлауды ұйымдастырудың тиісті тетіктері, іріктеу мен студенттің оқыту курсы тәмамдағаннан кейінгі мемлекет алдындағы міндеттемелері жөніндегі ереже анықталатын болады.

1994 жылы қыркүйек айында Министрлер Кабинеті "Оқу турларын ұйымдастыру жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" қаулы қабылдайды.

1994 жылдың соңына қарай дарынды кадрлар даярлаудың арнайы мемлекеттік бағдарламасын ("Дарын" бағдарламасын) қабылдау межеленіп отыр.

1995 жылдың наурызында Үкімет "Талантты балаларды іріктеу мен даярлау жөніндегі эксперименттік ғылыми-зерттеу орталығын құру туралы" қаулы әзірлеп, бекітеді, онда құрамына тиісті мемлекеттік және мемлекеттік емес оқу мекемелері бар тәжірибелік-эксперименталдық аймақ енгізілетін тиісті ғылыми-зерттеу базасын ұйымдастыру көзделеді.

1994 жылдың тамыз айында Министрлер Кабинеті біліктілікті арттырудың мемлекеттік ведомстволық институттары мен факультеттерінің әдістемелік қызметін үйлестіру жөнінде ведомствоаралық комиссия құру туралы Ереже әзірлейтін болады.

1995 жылдың сәуір айында оның мақсатын, міндетін, атқаратын қызметін, құрылымы мен оны құруға қажет қаржы ресурсын анықтайтын нормативтік акт әзірлеу назарда ұсталынады.

XVII. Ақпараттық қамтамасыз ету

17.1. Ой-ниет. Үкімет Бағдарламаның орындалу барысы жөнінде жұртшылықты кеңінен хабардар етіп отыру, халықпен үнемі ақылдасу және өзінің іс-қимыл жоспарына жедел түзетулер енгізіп отыру қажеттігін түсінеді. Осыған орай Үкімет, министрліктер мен ведомстволар, жергілікті әкімдер

Баспасөз туралы қолданылып жүрген заңның негізінде бұқаралық ақпарат құралдарын жүргізіліп отырған экономикалық саясаттың мазмұны жөніндегі ақпаратпен үнемі және дер кезінде қамтамасыз етіп, баспасөз конференцияларын, брифингтерді, баспасөзде жарияланған, теледидар мен радиодан берілген материалдарды және т.б. пайдаланатын болады. Өз кезегінде Үкімет бұқаралық ақпарат құралдарынан олардың бағыт-бағдарына қарамастан реформалар барысын жазуда мейлінше әділдік күтеді.

17.2. Үкіметтің іс-қимылы. Бұқаралық ақпарат құралдарының- "Казахстанская правда", "Егемен Қазақстан" газеттерінің, ҚазТАГ-тың, "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясының, сондай-ақ Баспасөзмині басылымдарының алдында Бағдарламаның орындалу барысын үзбей жазып отыру міндеті тұр. Қазіргі штаттық кесте шегінде редакцияларда Үкіметтің іс-қимылын неғұрлым тереңірек көрсететін жедел бөлімдер құралады. Үкімет мүшелерінің бәрі, министрліктер мен ведомстволардың басшылары және жергілікті әкімдер ай сайын бұқаралық ақпарат құралдарына шығып тұрады.

Қазақстанның біртұтас ақпараттық кеңістігін жасау, әлемдік ақпараттық процестерге кіруді жандандыру және елдің мемлекеттік басқару органдары құрған газеттер мен журналдарды басқару құрылымын жетілдіру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары жүйесінің реформасы жалғастырылатын болады. Үкімет мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінде шаралар қолданады, газеттерді, журналдарды, теледидар мен радиохабарларын инвестициялау үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасайтын болады. Кәсіпорындар мен ұйымдардың баспасөз, теледидар мен радио өнімдерін шығаруға қажетті мемлекеттік мүлкі жекешелендіруге жатпайды.